«БЕКІТЕМІН»
«Облыстық қан орталығы» КМК
директоры
_________ Т.М.Садвакасов
« 25» қаңтар 2021 ж.

# «Облыстық қан орталығы» КМК Стратегиялық жоспарының 2020 жылғы жылдық есептемесі



# МАЗМҰНЫ



| | | |
|---|---|---|
| **1.БӨЛІМ** | **КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ** | |
| 1.1. | Ұйымның және көрсетілетін медициналық қызметтер туралы қысқаша сипаттама (миссия, болашаққа көз қарасы, есептік жыл цифрларда) | **4-22 бет** |
| 1.2. | Даму стратегиясы (стратегиялық мақсаттар мен міндеттер) | **22 бет** |
| **2. БӨЛІМ** | **КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ (корпоративтік басқарылатын ұйымдар үшін)** | |
| 2.1. | Корпоративтік басқару құрылымы, байқау кеңесінің/директорлар кеңесінің құрамы | **22-23 бет** |
| 2.2. | Пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама қызметінің құрамы мен қызметі | **24-25 бет** |
| **3. БӨЛІМ** | **КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБЫЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ** | |
| 3.1. | Қызметтің түйіндік көрсеткіштері (даму жоспары бойынша) | **25-29 бет** |
| 3.2. | Негізгі медико-экономикалық көрсеткіштері (соңғы 3 жылда) | **29-30 бет** |
| **4 БӨЛІМ** | **ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚАРАЖАТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ. БЮДЖЕТТІҢ КІРІС БӨЛІГІН АРТТЫРУ МЕХАНИЗМІ** | |
| 4.1. | Қаржы жағдайы туралы есептеме (қаржылық-экономикалық көрсеткіштер) | **30 бет** |
| 4.2. | Пайда, шығын және жиынтық кіріс туралы есептеме | **31 бет.** |
| 4.3. | Капиталдағы өзгерістер туралы есептеме | **31 бет** |
| 4.4. | Ақша қаражаты қозғалысы туралы есептеме | **31 бет** |
| 4.5. | Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін бағалау | **31-32 бет** |
| 4.6. | Кіріс көлемінде бюджеттен тыс қаржы үлесін арттыру | **32 бет** |
| **5 БӨЛІМ** | **ПАЦИЕНТТЕР** | |
| 5.1. | Пациенттерді тарту (бекіту) | **32-33 бет** |
| 5.2. | Пациенттердің медициналық ұйымның қызметтеріне қанағаттанушылықтары. Шағымдармен жұмыс. | **33 бет** |
| 5.3. | Пациенттермен жұмыс, емдеуге жатқызылған пациенттердің құрылымын басқару. | **33 бет** |
| 5.4. | Пациенттердің қауіпсіздігі | **33-35 бет** |
| 5.5. | Пациенттермен жұмыс жасауда қатерлерді басқару | **35-39 бет** |
| **6 БӨЛІМ** | **КАДРЛАР. ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ПЕРСОНАЛДЫ ДАМЫТУ** | |
| 6.1. | HR-менеджмент тиімділігінің негізгі көрсеткіштері: негізгі мамандарды оқыту және қайта даярлау, кадрлар тұрақсыздығы (барлық санат бойынша), қызметкерлердің еңбек талаптарына қанағаттанушылықтары | **39 бет** |
| 6.2. | Еңбекке дифференциалдап ақы төлеуді енгізу, оның ішінде еңбекақы төлемінің бонустық жүйесі | **39 бет** |

| | | |
|---|---|---|
| 6.3. | Материалдық емес ынталандыру, оның ішінде әлеуетті арттыру (кадрларды ұстап қалудағы инвестицияның үлесі) | **40 бет** |
| 6.4. | Персоналмен жұмыс қатерін басқару | **40 бет** |
| **7 БӨЛІМ** | **ҰЙЫМНЫҢ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ** | |
| 7.1. | Клиниканы, зертханалық қызметті, бейінді қызметтерді аккредиттеу (ұлттық және/немесе халықаралық) | **41-42 бет** |
| 7.2. | Пациенттер құрылымын басқару (салмақтық коэффициенттер бойынша саралау, стационар алмастырғыш технологияларды дамыту) | **42 бет** |
| 7.3. | Дәрілік препараттарды, медициналық бұйымдарды басқару | **42 бет** |
| 7.4. | Жаңа технологиялар, патенттер, ғылыми және клиникалық зерттеулер | **42 бет** |
| **8 БӨЛІМ** | **ҚОСЫМША** | **43-47 бет** |

# 1. БӨЛІМ. КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ

## МИССИЯ

«Донорлық қозғалыс арқылы адам өмірін сақтау – бұл жоғарғы технологиялар, кәсіпқойлық және интеллектуалды потенциал».

## БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАСЫМЫЗ:

Жоғары деңгейдегі медициналық қызмет көрсететін, сапаның халықаралық стандарттарына сай келетін, қанның қауіпсіз компоненттерін шығаратын алдыңғы қатарлы өңірлік қан орталығы.

## ІСКЕРЛІК ЭТИКА ПРИНЦИПТЕРІ

- Ұжымның құзыреттілігі және кәсібилігі;
- Көрсетілетін медициналық қызметтердің жоғары сапасы;
- Донордың (пациенттің) ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу және жеке ақпарат құпиясына құқықты сақтау;
- Серпінді дамып келе жатқан сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін жақсарту;
- Әр түрлі деңгейдегі бизнес-серіктестермен және жеткізушілермен өзара тиімді қарым-қатынас

**«Облыстық қан орталығы» КМК келесілер жүзеге асырылады:**

1. **18.04.2013 жылғы № 000979 Мемлекеттік лицензияға сәйкес келесі медициналық қызметті көрсетеді:**

1) ***Лицензияға № 001-қосымша***

❖ Қан және оның компоненттернін дайындау, консервілеу, қайта өңдеу және сақтау:

- қан және оның компоненттерін дайындау, консервілеу, қайта өңдеу және сақтау;
- қан және оның компонентерін сақтау және өткізу;

❖ Зертханалық диагностика:

-адамның иммунтапшылығы вирусын зертханалық диагностика (АИТВ-диагностикасы);
-жалпы клиникалық зерттеулер
-серологиялық зерттеу
-бактериологиялық зерттеу
-биохимиялық зерттеу
-иммунологиялық зерттеу

2) ***Лицензияға № 005-қосымша***

❖ Ересектерге мамандықтар бойынша медициналық консультативтік-диагностикалық көмек:

- трансфузиология

3) ***Лицензияға № 007-қосымша***

❖ Балаларға мамандықтар бойынша амбулаториялық-емханалық көмек:

- консультативтік-диагностикалық көмек
- трансфузиология

❖ Ересектерге және (немесе) балаларға мамандықтар бойынша амбулаторлық-емханалық көмек:

- консультативтік-диагностикалық көмек
- терапия
- алғашқы медико-санитарлық көмек
- дәрігерге дейінгі көмек

4) ***Лицензияға № 32-қосымша***

❖ Ересектерге және (немесе) балаларға мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек:

- консультативтік-диагностикалық көмек
- медициналық реабилитология, қалпына келтіру емі - физиотерапия

2. **15.03.2017 жылғы № 17004582 Мемлекеттік лицензиясына сәйкес фармацевтикалық қызмет көрсетеді:**

*1)* ***Лицензияға № 001-қосымша***

❖ Дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу

**Орталықтың құрамында 10 құрылымдық бөлім жұмыс істейді:**

- Донорларды жинақтау бөлімшесі
- Қанды тестілеу бөлімшесі
- Қанды дайындау бөлімшесі
- Инфекциялар диагностикасы зертханасы
- Қан компоненттерін карантиндеу, іріктеу және уақытша сақтау блогы бар өнімдерді беру бөлімшесі
- Сапаны бақылау бөлімі
- Персоналды басқару қызметі
- Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс бөлімі
- Қаржылық-экономикалық бөлім
- Шаруашылық бөлімі

**Кадрлық ресурстардың жинақталуы және біліктілік сипаттамалары**

Медициналық және әкімшілік-басқару персоналдың кадрлық әлеуетін арттыру бәсекеге қабілеттіліктің және экономикалық тұрақты дамудың маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Қызметкерлердің жалпы саны 133 адам, оның ішінде:

- дәрігерлер- 2020 - 26 (2019 жыл - 20, 2018 жыл - 25);
- орта медициналық қызметкерлер - 2020 - 33 (2019 жыл - 35, 2018 жыл - 37);
- кіші медициналық персонал - 2020 - 20 (2019 ж. - 20, 2018 жыл - 21);
- басқа медицинаға қатысы жоқ персонал - 2020 - 54 (2019 ж. - 49, 2018 жыл - 50).

2020 жылы жоғары медициналық білімі бар 6 маман жұмысқа қабылданды, 2 дәрігер жұмыстан шықты (соның ішінде өз еркімен – 2). Зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлер саны - 4 (соның ішінде дәрігерлер -1, басқа персонал - 3). Дәрігерлік кадрлардан жетіспеушілік 1 дана (эпидемиолог -дәрігер).

Орталықтың штаттық кестесі 139,5 (2019ж. - 139,5) бірлік:

| Атауы | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл |
|---|---|---|---|
| **Дәрігерлер, барлығы** | 25 | 20 | 26 |
| оның ішінде 2-санатты | 3 | 3 | 3 |
| оның ішінде 1-санатты | 5 | 3 | 5 |
| оның ішінде, жоғары санатты | 3 | 4 | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| оның ішінде, санатсыздар | 14 | 10 | 13 |
| Дәрігерлердің санаттылықтары (%) | 44 | 50 | 50 |
| Дәрігерлік штаттың жинақтылығы (%) | 100 | 100 | 100 |
| **Орта медициналық персонал, барлығы** | 37 | 35 | 33 |
| оның ішінде, 2-санатты | 7 | 5 | 4 |
| оның ішінде 1-санатты | 9 | 8 | 6 |
| оның ішінде жоғары санатты | 13 | 13 | 16 |
| оның ішінде санатсыздар | 8 | 9 | 7 |
| ОМП санаттылықтары (%) | 78 | 74 | 85 |
| ОМП жинақтылықтары (%) | 100 | 100 | 100 |

Біліктілікті арттыру қажеттіліктен 100% - жоспары бойынша жүргізіледі. Дәрігерлердің санаттылығы 2019 жылғы 50% денгейінде қалады, ОМП 74%-дан 85%-ға дейін артты.
Кадрлық құрамды оқыту және жұмыстарын күшейту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілген.

**Оқыту мен аттестаттауды қаржыландыру**

**(мың теңге)**

| **Атауы** | **2018 жыл** | | **2019 жыл** | | **2020 жыл** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қызметкерлер саны** | **Сомасы** | **Қызметкерлер саны** | **Сомасы** | **Қызметкерлер саны** | **Сомасы** |
| Дәрігерлердің жыл сайынғы біліктіліктерді арттыруы, қайта даярлаудан өтуі | 9 | 1 150 422 | 11 | 918 330 | 16 | 1 860 400 |
| Орта медициналық қызметкерлердің жыл сайынғы біліктіліктерді арттыруы | 12 | 236 600 | 18 | 327 600 | 15 | 237 400 |
| Дәрігерлерді аттестаттаудан өткізу | 3 | 44 700 | 1 | 16 900 | 3 | 88 072 |
| Орта медицина қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу | 9 | 146 449 | 7 | 102 900 | 7 | 158 600,0 |
| **Барлығы** | **33** | **1 547 371** | **37** | **1 365 730** | **41** | **2 344 472** |

2020 жылы біліктілікті арттыру және қайта даярлау курсынан 16 дәрігер өтті, орта медициналық қызметкерлер біліктілікті арттыру курсынан 15-і өтті. Біліктілік санатын алған 3 дәрігер және 7 орта медициналық қызметкерлер.

**«Облыстық қан орталығы» КМК ғимараты** «100 мектеп 100 аурухана» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде құрылды, аумағы 1,9 га, әкімшілік ғимараты мен қосалқы бөлмелерінің жалпы ауданы - 13 272 кв.м.

«Облыстық қан орталығы» КМК ғимараты:

1) Бас корпустың құрамына келесілер енеді:

- Блок А –әкімшілік-қызметтік және қосалқы бөлмелерден, техқабаттан тұратын 2 қабатты ғимарат;
- Блок Б - донорларға және донорлық қанмен жұмыс істеуге арналған жертөледен, техқабаттан тұратын 4 қабатты ғимарат.

2)Қосалқы құрылымдар блогы:

- Бір қабатты ғимарат, донорлардан қан алуға және қанды тұтынуыға жеткізу үшін экспедицияға кіре беріс алдында автокөлікті сақтауға, жинақтауға, жабдықтауға және техқарауға арналған.

**Материалдық-техникалық жабдықтау** - 100% жалпы сомасы 1 155 486 мың теңге оның ішінде:

- медициналық және технологиялық жабдық саны 662 бірлік, сомасы 430 542 мың теңге;
- ғимараттар, құрылымдар және басқа да негізгі құралдар, сомасы 724 944 мың теңге.

Медициналық жабдықтарға техникалық және сервистік қызмет жабдықтарға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес жүргізіледі. Медициналық және техникалық жабдықтардың техникалық және сервистік қызмет көрсетуіне кететін шығынның жалпы сомасы 44 273 мың теңге, оның ішінде жыл бойынша:

**(мың теңге)**

| Атауы | 2018 жыл | | 2019жыл | | 2020 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жабдықтар саны | Сомасы | Жабдықтар саны | Сомасы | Жабдықтар саны | Сомасы |
| Техникалық қызмет көрсету, медициналық және технологиялық жабдықтарды жөндеу (мың теңге) | 43 | 14 454 | 38 | 17 064 | 38 | 19 544,9 |

**2018-2020 жылдар кезеңінде жабдықтар сатып алынды:**

| Атауы | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл |
|---|---|---|---|
| **Барлығы, соның ішінде** | **18 606,5** | **25 255,7** | **3200,1** |
| Центрифуга ELMI CM-6MT | 240 | - | - |
| Ламинарлық шкаф | 1 758,1 | - | - |
| Қан құрамындағы гемоглабин деңгейін тексеретін фотометр | - | - | - |
| «Compodock» стерильді байланыс құралы | 4 500 | - | - |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Зертханалық таразы | | 471,5 | - | - |
| | ҚҚҚ және принтерлер | 636,9 | - | 1941,8 |
| | Сервер жабдықтар | - | 25 255,7 | - |
| | Ноутбук | - | - | - |
| | Автокөлік құралдары | 11 000,0 | - | - |
| | Өрт сөндіру жүйесі | - | - | 1 258,3 |

**2018-2020 жж. қаржы-шаруашылық қызметін талдау**

2018 жылдан кәсіпорынды жалпы қаржыландыру 26,7 %%-ға өсті, оның ішінде ТММКК шеңберіндегі қызметтер 28,8 %-ға артты, ақылы қызметтер 11,2 % төмендеді.

| Қаржыландыру түрлері | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | 2018 жылдан (-,+) ауытқулары |
|---|---|---|---|---|
| Барлығы, соның ішінде | 953 168,7 | 1 053 618,0 | 1 164 598,7 | 211 ,4 |
| мемлекеттік тапсырыс | 904 389,9 | 1 013 223,7 | 1 164 555,5 | 260 165,6 |
| ақылы қызметтер | 48 778,8 | 40 394,3 | 43 312,5 | -5 466,3 |

**2018-2020ж.ж ТМККК шеңберінде қаржыландыруды талдау**

| | ТМККК бағдарламасы | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | 2018 жылдан (-,+) ауытқулары |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы, соның ішінде | 904 389,9 | 1 013 223,7 | 1 164 555,5 | 260,2 |
| | қан, оның компоненттері және препараттарының өндірісі | 895 794,1 | 1 005 207,9 | 1 164 555,5 | 260,2 |
| | КДҚ қызметтері | 8 595,8 | 8 015,8 | 0 | 0 |

«Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарына арналған қан, оның компоненттері және препараттарының өндірісі» бағдарламасы бойынша ТМККК қаржыландыруы 2018 жылмен салыстырғанда 28,7 % ұлғайды.

2017 жылы енгізілген КДҚ қызметтері ТМККК қоса атқарушысы шеңберінде 2020 жылдан жүргізіледі. Қаржыландыру 2018 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 260 165,6 мың теңгеге өсті.

**ТМККК қаржыландыру динамикасы** (мың теңге)




Жалақы қоры 2020 жылы 263 911,6 мың теңге 2019 жылмен салыстырғанда 56 854,7 мың теңгеге көп. Оның ішінде 7 370,8 мың теңге ынталандыру төлем ретінде төленді 27 551,5 мың теңге сыйақы ретінде жұмсалды.

Жалақы қоры 2018 жылы 166 428,0 мың.теңгені құрады, ол 2017 жылға қарағанда 14 125,2 мың теңгеге көп. Олардың ішінде ынталандыру төлемі ретінде 3 944,6 мың теңге және 19 141,4 мың теңге сыйақы ретінде төленді.

**2018-2020 жылдары облыстық қан қызметінің жұмысына талдау**

«Облыстық қан орталығы» КМК Қарағанды облысындағы қан компоненттері өндірісі бойынша жалғыз ұйым болып табылады және қан компоненттері мен диагностикалық стандарттармен 48 медициналық ұйымдарды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Ел Саулығы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жаңа мұздатылған плазманы вирусинактивациялау және карантиндеу технологиялары енгізілді. 2020 жылғы ТМККК шеңберінде облыстың медициналық ұйымдарына 596 827 519 теңге сомасына 10 321 доза вирусинактивацияланған және карантинделген жаңа мұздатылған плазма берілді. ҚР ДСМ 2020 жылғы 27 сәуірдегі №256 «COVID-19 бар пациенттерді емдеу үшін иммундық плазма өндірісінің кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес 2020 жылы COVID-19-ға қарсы иммундық плазманың 225 дозасы дайындалды және облыстың медициналық ұйымдарына 131 доза берілді.

ҚО ДСБ 07.02.2020 жылғы №121ө бұйрығына сәйкес 11 медициналық ұйымда (2019 ж.-37, 2018 ж.-39) және стационарлық көмек көрсететін, 20 амбулаториялық-емханалық ұйымда (2019 ж.-45, 2018 ж.-29) В және С гепатиттеріне оң нәтижесі бар трансфузиология және қан компоненттері реципиенттері мен донорларды тексеру мәселелері бойынша облыс тұрғындарына трансфузиялық көмек көрсету бойынша талаптардың сақталуына медициналық ұйымдардың мониторингі жүргізілді.

Медициналық ұйымдарда жұмысшылар тобының сапарлары ұйымдастырылған, трансфузиологиялық көмекті ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, ҚР ДСМ бекітілген қолданыстағы нормативтердің қызметіне сәйкестіктері зерделенді (лицензияның болуы, кадрлардың тиістілігі, маман сертификаттарының болуы, медициналық құрылғылармен жабдықталу, зертханалық зерттеу жүргізу тәртібі, медициналық құжаттамалар жүргізу, реципиенттерді зерттеу, амбулаториялық-емханалық деңгейде трансфузиологиялық инфекцияларға донорларды тексеру). 2019 жылы 4 селекторлық жиналыстың ақпараты ұсынылды, онда медициналық ұйымдарға трансфузиологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру және қан компоненттері, реагенттерімен қамтамасыз ету бойынша сұрақтар қарастырылды (2017ж- 2, 2018ж – 2, 2019ж -4).

«Облыстық қан орталығы» КМК қан және оның компоненттерін құюмен айналысатын облыстық медициналық ұйымдарының дәрігерлеріне арналған қан тобы мен резус-тиістілігін анықтау әдістемесін меңгеретін «Медициналық ұйымдарда трансфузиялық көмек көрсету тәртібі» тақырыбы бойынша 1-күндік күндізгі тағылымдама өткізу ұйымдастырылды. 2020 жылы- 118 дәрігер оқыды (2016ж - 81, 2017 – 87, 2018 ж – 21, 2019 ж. - 144).

Республикалық және облыстық деңгейдегі конференциялар мен семинарларға 7 қызметкер қатысты.

«Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК Криобиология бөлімшесінің меңгерушісі М. Е. Оспанованың қатысуымен өндірістік трансфузиология медициналық қызметкерлері үшін «Онкогематологиялық аурулар кезінде перифериялық қанның бағаналық жасушаларынына көмек беріп, жоғары дозалы химиотерапия» тақырыбында семинар ұйымдастырылды және өткізілді.

2020 жылы «Облыстық қан орталығы» КМК бірінші санатты бере отырып, қан қызметі саласында қызметін жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары үшін аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін растады (07.12.2020 жылғы №127 бұйрық).

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында ҚР СТ ISO 15189-2015 талаптарына сәйкестігіне 07.11.2018 ж. №18-11/10509 «Медициналық зертханалар. Сапа мен құзыреттілікке қойылатын талаптар» орталықтың зертханасына аккредитация жүргізілді және 18.06.2019 жылғы № KZ M.10. 2227 аккредиттеу аттестаты алынды және 2020 жылы ҚР СТ ISO 15189-2015 талаптарына сәйкестігіне медициналық зертханасына аккредиттеуден кейінгі мониторингі жүргізілді.

2020 жылы медициналық ұйымдардың өтінімдері бойынша 23 406 доза қан препараттары берілді (2018ж – 22 360 доза қан компоненттері және 2 л қан препараттары тиісінше, 2019ж – 23 434 доза қан компоненттері және 2,85 л қан препараттары).

Донорлық қанды дайындау қан орталығында және көшпелі жағдайда жүзеге асырылады. 2020 жылы 11 (3,2%) көшпелі донорлық сессия ұйымдастырылды және 373 қан донорынан 227,919 литр консервіленген қан дайындалды (2018 жылы - тиісінше 995 доза және 605,165 л, 2019 жылы - тиісінше 1329 доза және 806,180 л). 99,3% қан дайындау өтеусіз донорлық есебінен жүзеге асырылды. 2020 жылы өтеусіз донорлықты дамыту үшін 1 телебағдарлама өткізілді, 2 мақала жарияланды, 500 буклет таратылды, әлеуметтік желілерде (Vk, mail.ru, OK.ru, Facebook, Instagram), донорларды шақыру үшін телефон қоңыраулары, sms-хабарландыру, автоматты қоңырау шалу жүйесі пайдаланылады, сайт жұмыс істейді.

**Донорлар мен донациялар**

**(мың теңге)**

| Атауы | 2018 жыл | | 2019 жыл | | 2020 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Абс. | Сомасы | Абс. | Сомасы | Абс. | Сомасы |
| Консервіленген қанды дайындау (л) | 7264,3 | | 8091,1 | | 8464,3 | |
| Консервіленген қанды дайындау (д) | 11197 | | 11842 | | 11515 | |
| Барлық донор | 7349 | | 7510 | | 6655 | |
| Барлық донация, оның ішінде: | 11194 | | 11842 | | 11545 | |
| • қан донациясы | 11 006 | 6 948 | 11 505 | 6 913 | 10 982 | 9 448,6 |
| • жасушылар донациясы | 157 | 114 | 337 | 212,6 | 485 | 334,3 |
| • плазма донациясы | 34 | 22 | 0 | 0 | 78 | 1 524,9 |
| Өтеусіз донациялар | 11 197 | 7 084 | 11 836 | 7 065,3 | 11 467 | 9 782,9 |
| Ақылы донациялар | 0 | 106 | 6 | 30,3 | 78 | 1 524,9 |
| 1000 тұрғынға шаққандағы донациялар көрсеткіші | 8,1 | | 8,6 | | 8,4 | |
| ҚР бойынша 1000 тұрғынға шаққандағы донациялар көрсеткіші | 11,6 | | 11,6 | | 10,9 | |

Облыстың МҰ қан компоненттерімен қамтамасыз ету үшін 2018-2020 ж.ж кезеңінде ТМККК шеңберінде жалпы сомасы 3 092 442,9 мың теңге қаржы бөлінді, осы кезеңдегі қаржыландыру 33,0 % өсті, сонымен бірге жылдар бойынша:

| Атауы | 2018 жыл | 2019 жыл | Өсу % | 2020 жыл | Өсу % |
|---|---|---|---|---|---|
| Жергілікті мекемелер үшін қан, оның компоненттерін жән препараттарын өндіру (мың теңге) | 895 794,1 | 1 005 208,1 | 12,2 | 1 191 440,7 | 18,5 |

**2018-2020 ж.ж. аралығында медициналық мекемелерге берілген қан компоненттері:**




**2018 - 2020 жж. медициналық ұйымдарға берілген қан компоненттері, оның ішінде:**

| № р/б | Атауы | өл.бірл | 2020 жыл | % | 2019 жыл | % | 2018ж | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Эритроциттер | доза | 10673 | 45,6 | 11145 | 47,6 | 10654 | 47,6 |
| 2 | ЖМП | доза | 10381 | 44,3 | 9872 | 42,0 | 9869 | 44,1 |
| 3 | Тромбоциттер | доза | 1653 | 7,1 | 1989 | 8,6 | 1419 | 6,4 |
| 4 | Криопреципитат | доза | 699 | 3,0 | 428 | 1,8 | 418 | 1,9 |
| | **ҚОРЫТЫНДЫСЫ** | доза | **23 406** | | **23 434** | | **22 360** | |
| 5 | Альбумин 10% | литр | 0 | | 2,85 | | 2,0 | |

**2020 жылы берілді:**

- Эритроциттер 2019 жылмен салыстырғанда 472 дозаға (4,2%) кем,
- ЖМП - 2019 жылмен салыстырғанда 509 дозаға (5,1%) көп;

- Тромбоциттер 2019 жылмен салыстырғанда 336 дозаға (17%) кем;
- Криопреципитаталар 2019 жылмен салыстырғанда 271 дозаға (63%) көп;
- Альбумин 2019 жылмен салыстырғанда 2,85 л (100%), 10 % кем.

**Қан компоненттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Трансфузиялық терапияның иммуногологиялық және инфекциялық қауіпсіздігін арттыру үшін жаңа технологиялар мен заманауи жабдықтар пайдаланылады, оның ішінде:

1. «Info DONOR» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі қызмет етеді, ол келесіге мүмкіндік береді: донорлыққа абсолютті қарсы көрсетілімдері бар тұлғаларды шектету, донорларды визуады сәйкестендіру, жеке куәліктің деректерін автоматты түрде оқу, кабинеттерге визуалды шақыру, автоматты түрде іріктеу жүргізу, зертханалық зерттеу нәтижелерін есепке ала отырып, таңбалау, дайындалған қан компоненттерін бақылау.

2. 2016 жылдан бастап трансмиссивтік инфекцияға донорлық қан үлгілеріне ИХЛТ және ПТР әдісімен жабық түрдегі автоматты талдауыштарда 2 кезеңдік скрининг өткізіледі, донорлық қан үлгілерінің скринингтік үлгісі 100% құрайды.

**Трансмиссивтік инфекцияларды зерттеу**

**(мың теңге)**

| Атауы | 2018 жыл | | 2019 жыл | | 2020 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | (%) | Сомасы | (%) | Сомасы | (%) | Сомасы |
| ИФА (ИХЛТ) әдісімен донорлық қан үлгілерінің скрининг үлгісі:<br>-жабық типтегі автоматты жүйелерде<br>- ашық типтегі автоматты жүйелерде | 100<br>0 | 105 326 | 100<br>0 | 109 167,6 | 100<br>0 | 95 587,7<br>0 |
| Жабық типтегі автоматты жүйелерде ПТР әдісімен донорлық қан үгілерінің скрининг үлесі | 100 | 76 876 | 100 | 83 182,2 | 100 | 57 828,3 |

3. Қан үлгілеріне иммуногематологиялық зерттеулері 100% автоматты талдауыштарда жүргізіледі.
4. Қан компоненттерінің қауіпсіздігі келесі әдістері арқылы қамтамасыз етіледі:

- қан компоненттерінің лейкофильтрациясы;
- жаңадан мұздатылған плазманы карантиндеу;
- плазма мен тромбоциттердің вирусинактивациясы.

## Қан және оның компоненттерінің қауіпсіздігін қаржылық қамтамасыз ету көрсеткіштері

(мың теңге)

| Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдісі | Қан компоненттері | 2017 жыл | | 2018жыл | | 2019 жыл | | 2020 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | % | Сомасы | % | Сомасы | % | Сомасы | % | Сомасы |
| **Лейкофильтрация** | Тромбоциттер | 100 | 144802 | 100 | 109684 | 100 | 145 221 | 100 | 199 193,7 |
| | Эритроциттер | 90 | | 99,8 | | 99,9 | | 100 | |
| | Плазма | 41 | | 100 | | 100 | | 95 | |
| **Карантинизация** | Жаңа мұздатылған плазма | 96 | 21370 | 95,6 | 23452 | 91,4 | 21 834 | 0 | 0 |
| **Вирусинактивация** | Плазма | 4 | 14916 | 4,4 | 39546 | 8,6 | 23 971 | 34,4 | 177 395,1 |
| | Тромбоциттер | 92,9 | 61785 | 100 | 59821 | 100 | 105 051 | 100 | |
| **Қорытындысы** | | | **242873** | | **232503** | | **296 077** | | **376 588,8** |

## 2018-2020жж облыстың медициналық ұйымдарын қан компонентерімен қамтамасыз ету

(мың теңге)

| № р/б | Қан компоненттері атауы | 2018 жыл | | 2019 жыл | | 2020 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | доза | Сомасы | доза | Сомасы | доза | Сомасы |
| 1. | Құрамында эритроциттері бар компоненттер, оның ішінде: | 10 654 | 296 474 | 11 145 | 331 249 | 10 673 | 356 279,40 |
| | - лейкофильтрленген | 10 654 | 296 474 | 11 145 | 331 249 | 10 673 | 356 279,40 |
| 2. | Барлық түрдегі жаңа мұздатылған плазма, оның ішінде: | 9 869 | 418 194 | 9 872 | 901 930 | 10 381 | 599 967,52 |
| | - карантиндірілген | 0 | 4 605 | 0 | 450 965 | 0 | |
| | - лейкофильтрленген, карантиндірілген | 9 394 | 384 095 | 9 116 | 401 495 | 6 370 | 309 046,83 |
| | - лейкофильтрленген, вирусинактивация | 420 | 26 294 | 721 | 47 315 | 3 828 | 277 199,51 |
| | жаңа мұздатылған плазма аферездік вирусинактивация | 55 | 3 199 | 35 | 2 155 | 183 | 13 724,19 |
| 3. | Барлық түрдегі тромбоциттер, оның ішінде: | 1 419 | 178 651 | 1 989 | 245 155 | 1 653 | 217 756,3 |
| | - лейкофильтрленген | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | - лейкофильтрленген, вирусинактивация | 1 419 | 178 651 | 1 989 | 245 155 | 1 653 | 217 756,3 |
| 4. | Криопреципитат карантиндірілген | 418 | 18 894 | 428 | 20 639 | 699 | 36 955,43 |
| | Альбумин 10% | 2,0 | 105 | 2,85 | 299 | 0 | 0 |
| | **Қорытындысы** | **21 650** | **912 318** | **23 415** | **1 048 307** | **24 872** | **1 210 958,7** |

2018-2020 жылдар кезеңінде жалпы сомасы 3 171 583,7 мың теңге өнім берілді.

## Сапаны бақылау

Сапаны бақылаудың негізгі міндеті - нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін қан өнімдерін өндіруді және шығаруды болдырмау мақсатында қан өнімдерінің сапасын, оларды дайындау және сақтау жағдайларын бақылауды қамтамасыз ету.

### Сапаны бақылауға кететін шығындары

**(мың теңге)**

| № р/б | Атауы | 2018 жыл | | 2019 жыл | | 2020 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | % | Сомасы | % | Сомасы | % | Сомасы |
| 1 | Сапаны зертханалық бақылау | 100 | 11 337 | 100 | 8 356 | 100 | 11 053,3 |
| 2 | Бактериологиялық бақылау | 100 | 333 | 100 | 336 | 100 | 420 |
| | **Қорытындысы** | | **11 670** | | **8 692** | | **11 525,3** |

Қан өнімдері сапасын зертханалық зерттеу деңгейі есеп беру кезеңінде 100% құрайды. Бактериологиялық сапаны бақылау деңгейі 100% құрайды.

Кәсіпорын қосымша зертханалық талдау және емдік емшаралар бойынша қызметтер көрсетіледі (плазмаферез, ВЛОК, аутогемотерапия және т.б.):

| Атауы | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл |
|---|---|---|---|
| Медициналық ұйымдар (саны) | 36 | 36 | 39 |
| Жеке тұлғалар (саны) | 1999 | 1925 | 1 642 |

2018-2020жж. кезеңде қызметтің аталмыш түрлері 111 медициналық ұйымдарға және 5 566 жеке тұлғаға көрсетілді.

Ұсынылған деректерде заңды тұлғалардың 8,3%, жеке тұлғалардың 17,9 % өскенін көруге болады.

Кәсіпорын қан компоненттерін жүзеге асырады және бәсекелестік негізде келесі қызмет түрлерін көрсетеді: зертханалық зерттеулер – иммуногемотологиялық, серологиялық, биохимиялық, иммунохемилюценттік (жабық типтегі аппаратта) иммуноферменттік талдаулар мен қызмет көрсетудің өзге түрлері:

- мамандарды бағыттауы бойынша халықтың әлеуметтік осал санаты үшін диагностикалық зерттеулердің қымбат түрлері бойынша қызметтерді жеткізуші: полимераздық тізбекті реакция;
- ТМККК қызметтерін көрсетуге қосалқы орындаушы және/немесе МӘМС жүйесі;
- медициналық ұйымдарға ақылы қызметтер;
- жеке тұлғаларға ақылы қызметтер.

**SWOT – талдау**

| | **Күшті тұстары:** | **Осал тұстары:** |
|---|---|---|
| **Клиенттер** | • Медициналық ұйымдарға арналған қан компоненттері өндірісі бойынша облыс бойынша жалғыз ұйым.<br>• Донорлар үшін қолайлы жағдай тудыратын қан орталығының дамыған инфрақұрылымы<br>• Өткізілетін медициналық қызметкерлердің кең спектры, оның ішінде қосалқы медігерлік (зертханалық зерттеулер, емдік плазмаферез, ҚҚІЛС (ВЛОК). | • Қан компоненттеріне қажеттіліктерді медициналық ұйымдардың дұрыс жоспарламауы.<br>• Медициналық ұйымдарда қан компоненттері қорына және пайдалануға мониторингі үшін АСУ (бағдарлама) болмауы. |
| **Персоналды оқыту және дамыту** | • Білікті кадрдың болуы<br>• Астана қ. және ҚР басқа қан орталықтары ТҒЗО мамандарымен тәжірибе алмасу | • Дәрігерлердің санаттылық деңгейі 50,0% құрайды.<br>• Кадрлар тұрақсыздығы – 12 % |
| **Үрдістер** | • Облыстың медициналық ұйымдарын қан компоненттерімен уақтылы және толық көлемде қамтамасыз ету.<br>• Донорлық қанды зерттеу үшін, қан және оның компоненттерін дайындау және қайта өңдеу үрдістері заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталғандығы.<br>• Донорлық қан үлгілерінің толық көлемде зерттеу жүргізу (иммуногематологиялық және трансфузиялық инфекциялар).<br>• Қан және оның компоненттері қауіпсіздіктерін қамтамасыз етудің қосымша әдістерін пайдалану: лейкофильтрация, вирусинактивация, карантинизация. | • Қажетті жабдықтардың болмауы (ҚР ДСМ 02.10.2020 ж. № ҚР ДСМ-113/2020 бұйрығы):<br>• СО2 шығусыз, pH метр жабық жүйесі (pH деңгейін анықтау үшін);<br>• «Info DONOR» ААЖ ақпараттық бағдарламасы мен кешенді медициналық ақпараттық жүйелерінің (КМАЖ) талапқа сай келмеуі |

| | | |
|---|---|---|
| | • Медициналық ұйымдарды қосымша қауіпсіздік әдістерінен өткен қан компоненттерімен қамтамасыз ету:<br>- плазма және эритроциттер лейкофильтрациясы 100%<br>- тромбоциттер вирусинактивациясы 100%<br>- ЖМП карантинизациясы 69%<br>- ЖМП вирусинактивациясы 31%<br>• Донация ақауы 1,9 % (рұқсат етілген мәні – 7%).<br>• Жарамдылық мерзімі өткен өнімдерді есептен шығару 0% (рұқсат етілген мәні 10%).<br>• Сапаны сыртқы бағалауға (ССБ) қатысу және зертханалық зерттеулердің сәйкестігі - 100%<br>• Сапа менеджменті жүйесінің болуы.<br>• Қан компоненттері сапасын зертханалық және бактериологиялық бақылау, санитарлық-бактериологиялық және өндірістік бақылау - 100% құрайды.<br>• Сапаны зертханалық және бактериологиялық бақылау, санитариялық-бактериологиялық және өндірістік бақылау нәтижелері бойынша қан өнімі сапасының және оны өндіру жағдайларының сәйкестік деңгейі - 100%.<br>• Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары үшін бірінші санатты бере отырып, аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін растау (2020-2023 жж.).<br>• Медициналық зертхананың ҚР СТ ISO 15189-2015 талаптарына сәйкестігіне аккредиттеудің болуы және ҚР СТ ISO 15189-2015 талаптарына сәйкестігіне аккредиттеуден кейінгі мониторингтен өтуі.<br>• «Info DONOR» ААЖ ақпараттық бағдарламасын және кешенді медициналық ақпараттық жүйелерін (КМАЖ) пайдалану. | |
| **Қаржы** | • Мемлекеттік бюджеттен тұрақты және уақтылы қаржыландыру, орындалған жұмыстар үшін қызметтерді сатып алушыларға уақтылы төлемі.<br>• Еңбекке ақы төлемдерінің тарифтік жүйесі.<br>• ТМККК қосалқы орындаушыларының шарттары бойынша кіріс<br>• Ақылы қызметтерден келетін кірістер | • ТМККК бойынша медициналық ұйымдарды компоненттермен қамтамасыз етуге қаржыландырудың жеткіліксіздігі<br>• ТМККК қоса орындаушы ретінде орындалатын зертханалық зерттеулерге ҚР ДСМ бекіткен төмен тарифтік құны. |

| | | |
|---|---|---|
| | | • Халықтың қымбат тұратын қызметтерге төлеу қабілеттілігінің төмендігі |
| | **Мүмкіндіктер:** | **Қатерлер:** |
| **Клиенттер** | • **Донорларды қаржылай ынталандыру**<br>• Қызметтерді тұтынушылар санын арттыру. | • Донорлық қозғалысты дамытуға жеткіліксіз қаржыландыру<br>• Сирек кездесетін қан тобы бар донорлардың аз болуы |
| **Персоналды оқыту және дамыту** | • Жас мамандарға көтерме ақшалай қаражат төлемдерін ұйымдастыру.<br>• Жас мамандарға бекітілген НҚА жоғары төлем төлеу | • Білікті кадрдың тұрақсыздығы 11 адам, біліктілігі жоқ – 6. |
| **Үрдістер** | • Өзгертілген иммундық мәртебесі бар пациенттер үшін қан компоненттерін R - сәулелеу.<br>• Жаңа технологияларды - өзек жасушаларын өндірісін енгізу<br>• ГИС-ке «Info DONOR» ААЖ ақпараттық жүйесін кіріктіру.<br>• Қан компоненттері өндірісін арттыру. | • Материалдық-техникалық жабдықталудың жеткіліксіздігі<br>• Өндірістік процесті мынадай себептер бойынша тоқтату: уақылылы жоспарлы техникалық қызмет көрсетілмеуі және (немесе) жабдықтың сынуы, технологиялық процесті шығыс материалдарымен уақтылы қамтамасыз етпеу.<br>• ММБ импорттауға байланысты және баға өзгерісіне байланысты қатер. |
| **Қаржы** | • ТМККК және ақылы қызметтер шеңберінде қоса атқарушы ретінде зерттеулер саны (12987/7055) мен медициналық қызмет (39/42) түрінің азаюы. | • Жабдықтар мен ММБ импортына тәуелділіктің себебінен шығыс материалдары түсімінің тұрақсыздығы.<br>• Ұлттық валютаның ауытқуына байланысты ММБ құнының ұлғаюы |

**2020 жыл цифрларда**

- Барлық қан доноры– 6665
- Барлық қан және оның компоненттері донациясы -11545
- Донация ақауы 1,9% (рұқсат етілген мәні – 7%)

- Жарамдылық мерзімі өтуіне байланысты өнімдерді есептен шығару 0% (рұқсат етілген мәні 10%)
- Донорлық қан үлгілерін толық көлемде зерттеу – 100%
- Зертханалық зерттеулер сапасын сырттай бағалауға сәйкестік деңгейі (ССБ) – 100%
- Білікті кадрлардың болуы – 69,0 % (91 қызметкер)
- Сапа менеджмент жүйесін жетілдіру
- «Info DONOR» ААЖ ақпараттық жүйесінің қызмет етуі
- Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары үшін бірінші санатты бере отырып, аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін растау (07.12.2020 ж. №127 бұйрық)
- Медициналық зертхананың ҚР СТ ISO 15189-2015 талаптарына сәйкестігіне аккредиттеуден кейінгі мониторингтен өтуі.
- 2020 жылда келіп түскен қаржы қаражаты 1 217 165,4 мың теңгені құрайды, пайда 3 608,9 мың теңге.

**2021 жылға арналған міндеттер:**

1. Қарағанды облысының медициналық ұйымдарының трансфузиология бөлімшелері мен кабинеттерінің қызметкерлерін қан өнімдеріне қажеттілікті есептеу әдістемесі бойынша оқыту – медициналық ұйымдардың кураторлары, 2021 жылғы 3 тоқсан.
2. Облыстың медициналық ұйымдарында қан өнімдерінің болуы мен қозғалысын мониторингпен 100% қамтуды қамтамасыз ету – ИкласоваР.С., күн сайын.
3. Медициналық ұйымдарда қан компоненттерінің пайдаланылуы мен қорларын мониторингілеу үшін есепке алудың (басқарудың) автоматты жүйесін енгізу –2023ж.
4. Өнімді сақтау мерзімінің соңында тікелей себу әдісімен стерильділікке бақылау жүргізу жолымен тромбоциттердің бактериялық контаминациясын бақылауды қамтамасыз ету – Никитин Е. П., ай сайын.
5. Ақпараттық жүйелердегі мәліметтердің сәйкестігін бақылау – Чернышова О. Г., Денисенко Т. Н., Икласова Р. С., Хегай М. П., ПужееваЕ.П., жаңартулардан кейін үнемі.
6. "Architect 2000", IH-500 талдағыштары Alinity, IH - 1000 жабдығына ауыстыру – 2021 жылғы 3-тоқсаны.
7. Медициналық бұйымдарды, шығыс материалдарын, ТМҚ, шаруашылық тауарларын жеткізуге шарт талаптарының сақталуына бақылау жүргізу – Смагулов С., ай сайын.
8. Медициналық бұйымдардың 2 айлық қорының болуын бақылау – Гречущева Т.Г., күн сайын.
9. Саны 9 адамнан тұратын сирек қан топтарымен әлеуетті донорлардың тіркелімін толықтыру – Чернышова О. Г., ай сайын.
10. Қызмет көрсететін компаниялармен шарттар жасау, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету – Медеубаев К.М., Ахмерова З.Ж.,. бекітілген кестеге, жабдықтар паспортына сәйкес
11. Covid-19 иммундық анти ЖМП медициналық ұйымдарының қажеттілігін қамтамасыз ету - Сабирова Л.Е., тұрақты.
12. Ұйымдастыру техникасының базасын жаңарту – Ахмерова З.Ж., Конурбаева К.Ж., 2023ж.
13. Кәсіпорынның өндірістік үй-жайларының температуралық режимін санитарлық - гигиеналық талаптарға сәйкес келтіру – МедеубаевК.М., құрылымдық бөлімшелердің меңгерушілері, 2021ж.

**2-кесте – Мүмкіндіктер матрицасы**

| Мүмкіндіктерді қолдану ықтималдықтары | Мүмкіндіктер ықпалы | | |
|---|---|---|---|
| | Күшті (К) | Бірқалыпты (Б) | Аз (Аз) |
| Жоғары (Ж) | • Жас мамандарға көтерме ақша қаражаты төлемдерін ұйымдастыру.<br>• Қан компоненттері өндірісін арттыру | • Қызметтерді тұтынушылар санын арттыру.<br>• Жаңа технологияларды - өзек жасушаларың өндірісін енгізу | • ТМККК және ақылы қызметтер шеңберінде бірлесіп орындаушы ретінде медициналық қызметтердің саны мен түрлерін ұлғайту |
| Орта (О) | • Астана қ. ТҒЗО және ҚР басқа қан орталықтары мамандарымен тәжірибе алмасу | . | • Қаржы, басқару менеджментінің жаңа әдістерін енгізу |
| Төмен (Т) | • ГИС-ке «Info DONOR» ААЖ ақпараттық жүйесін кіріктіру | • Донорларды қаржылай ынталандыру<br>• Өзгертілген иммундық мәртебесі бар пациенттер үшін қан компоненттерін R - сәулелеу. | |

**2-кесте – Қатер матрицасы**

| Қауіптерді іске асыру ықтималдығы | Қаіптердің әсері | | |
|---|---|---|---|
| | **Өте қауіпті (ӨҚ)** | **Ауыр (А)** | **Жеңіл (Жң)** |
| Жоғары (Ж) | • Сирек кездесетін қан тобы бар донорлардың аздығы | • Қан компоненттеріне қажеттіліктерді медициналық ұйымдардың дұрыс жоспарламауы.<br>• Өндірістік процестердің келесі себептерге байланысты тоқтауы: жабдықтарға техникалық қызмет көрсетулердің уақытында болмауы және (немесе) жабдықтың сынуы, технологиялық процестердің шығын | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | материалдарымен уақытында қамтамассыз етілмеуі | |
| Орта (О) | • ТМККК бойынша медициналық ұйымдарды компоненттермен қамтамасыз етуге қаржыландырудың жеткіліксіздігі | • Жабдықтар мен ММБ-ға тәуелділіктің импорты себебінен шығыс материалдары түсімінің тұрақсыздығы | • Кадрлардың тұрақсыздығы |
| Төмен (Т) | | • Ұлттық валютаның ауытқуына байланысты ММБ құнының артуы | |

**1.2. Даму стратегиясы (стратегиялық мақсаттар)**
«Облыстық қан орталығы» КМК 4 стратегиялық бағытта жұмыс істейді:

***1-Стратегиялық бағыт:*** *Қаржы қаражатын тиімді пайдалану.*
***1.1-мақсат:*** *Активтерді тиімді пайдалану және кредиторлқ қарыздардың болмауы. Кәсіпорын кірісінің артуы* (индикаторлар - 3)

***2-Стратегиялық бағыт:*** *Клиенттер*
***2.1-мақсат****:* Пациенттерге бағдарланған медициналық көмек көрсету жүйесін құру (индикаторлар – 3)

***3-Стратегиялық бағыт:*** *Кадрлық саясатты жүзеге асыру және кадрларды басқару жүйесін жетілдіру*
***3.1-мақсат:*** *Білікті мамандармен қамтамасыз ету (индикаторлар - 8)*

***4-Стратегиялық бағыт:*** *Ішкі процестерді қамтамасыз ету*
***4.1-мақсат:*** *Қызмет тиімділігін арттыру (индикаторлар - 2)*
***4.2-мақсат:*** *Облыстың медициналық ұйымдарын қан және оның компоненттерімен қамтамасыз ету (индикаторлар - 4)*
***4.3-мақсат:*** *Қан компоненттері қауіпсіздігін қамтамасыз ету (индикаторлар - 3)*
***4.4-мақсат:*** *Шығарылатын қан компоненттері мен медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесін жетілдіру (индикаторлар - 2)*

## 2 БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

**2.1. Корпоративтік басқару құрылымы, байқау кеңесінің/директорлар кеңесінің құрамы (корпоративтік басқаруды ұйымдастыру үшін)**

29.12.2018 ж. №929-ө «Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорында Байқау кеңесінің құрамын бекіту туралы» бұйрығына «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ 20.01.2020 ж. №54-ө бұйрығымен өзгертулер енгізілді:

1. Абугалиева Р.М. – «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ бухгалтерлік есеп бөлімнің басшысы;
2. Тарасова Н.А. – «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК сапаны бақылау және өңірлермен жұмыс жөніндегі басқармасының жетекшісі;
3. Нурбеков А.Н. – «Шарапат» ОҚ төрағасы;
4. Медеубаев С.Б. – «СЕНІМ» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» РҚБ төраға орынбасары;
5. Садвакасов Т.М. - «Облыстық қан орталығы» КМК директоры.

Байқау кеңесінде қоғам санынан тәуелсіз мүшелер үлесі 40 % құрайды. 2020 жылы өткізілген отырыстар саны – 4 (2019ж. - 4, 2018ж. - 4).

2020ж. ішінде отырыстарда 17 мәселе қарастырылып, шешілді:

1. 2019 жылғы кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы туралы есепті келісу.
2. 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілікті бекіту.
3. 2020 жылға арналған ұйымдық құрылымды бекіту.
4. Қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеудің болжамды мөлшерін айқындау.
5. 2020-2022 жылдарға арналған ұжымдық шарт жобасын келісу.
6. 2019 жылғы және 2020 жылғы 1 тоқсандағы негізгі қызмет нәтижелері туралы есепті келісу
7. Директордың жұмысын бағалау критерийлерін бекіту.
8. ММБ сатып алу жөніндегі есепті назарға алу.
9. Медицина қызметкері күніне орай еңбекақының 50% мөлшерінде сыйлықақы төлеу.
10. Байқау кеңесінің төрағасын қайта сайлау.
11. 2020 жылдың І жартыжылдығындағы өндірістік қызметтің негізгі көрсеткіштерінің нәтижелері туралы есепті келісу.
12. 2020 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық шығындарды талдауды келісу.
13. «Облыстық қан орталығы» КМК 2021 жылға арналған даму жоспарының жобасын келісу.
14. БК 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына Еңбекақы төлеу және ақылы қызметтер туралы ережелерді қайта қарау туралы мәселені енгізу.
15. Ұсыныстарды енгізуді ескере отырып, 2021 жылға арналған ұйымдық құрылымды бекіту.
16. Ғимараттың қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаның орындалуы туралы есепті келісу.
17. БК 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

ҚО ДСБ 29.09.2020 жылғы № 3-1-5-6353 хатына сәйкес Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі мәселесі бойынша Байқау кеңесі мүшелерінің қызметі құзіретті болып табылды.

## 2.2 Пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама қызметінің құрамы мен әрекеті

Пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама қызметі (бұдан әрі - Қызмет) - белгіленген стандарттарға және бекітілген Пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама қызметінің жұмысы туралы ережеге сәйкес ұсынылатын меиционалық қызметтер мен өндірілетін өнімдердің сапасын ұдайы жақсартуды қамтамасыз ету бойынша қызмет әрекетін жүзеге асырады.

Төрайымы: Сабирова Л.Е. – директордың орынбасары

Төрайымның орынбасары: Черньшова О.Г. – донорларды жинақтау бөлімінің меңгерушісі

Хатшы: Никитина Е.П. – сапаны бақылау бөлімінің сапа жөніндегі менеджері

Құрамы: Денисенко Т.Н. – қанды тестілеу бөлімі меңгерушісінің м.а.

Хегай М.П. – қанды дайындау бөлімінің трансфузиолог-дәрігері

Пужеева Е.П. – инфекциялар диагностикасы зертханасының меңгерушісі

Икласова Р.С. – ҚККУ ж/е УС блогы бар өнімдерді беру бөлімінің меңгерушісі

Ергалиева Д.Т. – ЕҚ ж/е ҚТ жөніндегі инженері.

Қызметтің жұмыс бағыты:

- Қан және оның компоненттері донорларының, халықтың және медициналық ұйымдардың мәселелерін шешу (шағымдары, рекламациялар). 2018-2020жж. шағымдар болған жоқ.
- Ескерту, шектету, болашақ қатерлерді азайту және олардың салдарынан туындаған шығындар, қатерлер мониторингі: 2020 ж. келесі қатерлер анықталды: жабдықтар жұмысындағы ақау – 64; иненің бітелуі – 18; қан өнімінің техникалық ақауы – 27; сәтсіз донация – 2; донордың құлауы – 1; донор жағдайының нашарлауы - 12 (қан өнімін есептен шығара отырып); ыдыстың ақауы - 61. Тәуекелдердің туындауының барлық жағдайлары бойынша тиісті түзету іс-шаралары мен алдын алу іс-әрекеттері жүргізілді, донорлар, медициналық ұйымдар мен реципиенттер үшін теріс салдарлар болған жоқ.
- Сауалнама жүргізу арқылы кәсіпорын ұсынатын медициналық қызметтердің деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесін зерделей отырып, барлық донорлар, келушілер, қызметкерлер үшін қауіпсіз жағдайларды ұйымдастыру. 2018 жылы 1120 донор мен 70 қызметкерге сауалнама жүргізілді, 2019 жылы 1142 донор мен 73 қызметкерге, 2020 жылы 698 донорға сауалнама жүргізу қорытындысы бойынша шағымдар анықталған жоқ және 101 қызметкерлердің қанағаттану деңгейі 87% - ды құрайды.
- Денсаулық сақтау саласындағы белгіленген стандарттарға сәйкестігіне ішкі аудит жүргізу, комиссиялық бағалауға жататын жағдайларды іріктеу. 2018 жылы - 23, 2019 жылы - 14, 2020 жылы - 11 ішкі аудит жүргізілді. Донор карталарының аудиті: 2018 жыл – 2316 донор картасы, 2019 жыл - 1790 донор картасы, 2020 жыл-2316 донор картасы. Аудиттердің нәтижелері сәйкессіздіктерді жою және алдын алу бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдай отырып, Пациентті (донорды) қолдау және ішкі сараптама мен медициналық кеңестерге ұсынылып, қаралды.
- Өндірістік қызметтегі сәйкессіздіктерді алдын алуға, анықтауға және жоюға бағытталған, сондай-ақ өнімді ұсыну және қызметтерді көрсету кезінде сапа мен тиімділікті арттыруға ықпал ететін бағдарламалық іс-шараларды әзірлеу, орындау және бақылау. Қызмет қан және

оның компоненттері донорларымен, әлеуетті донорлармен және гемотрансфузиялық терапия көрсететін медициналық ұйымдардың қызметкерлері арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізеді.

- «Сенім телефоны» және «Сұрақ-жауап» айдары бар ресми сайт жұмыс істейді, холлдарда ҚОДСБ қауырт желісі туралы ақпараты бар 3 постер орналасқан, екінші қабаттың холында Қызмет туралы ақпараттық стенд орналасқан, бірінші қабатта тіркеу орнының жанында шағымдар мен ұсыныстар жинауға арналған жәшік орналасқан, әрбір бөлімшеде шағымдар беруге арналған бланкілер бар, өтініштер мен шағымдар бойынша тұрақты мониторинг жүргізіледі.
- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемі ережесі сақталады. 2018-2020 жылдары қан компоненттері бойынша мемлекеттік тапсырыстың көлемі толығымен орындалды.
- Кадрлық және материалдық-техникалық ресурстарды пайдалану жағдайы мен тиімділігін бағалау. Тоқсан сайын СОР-ларды білуі мен орындауын бағалауға медициналық персоналға жазбаша сауал жүргізіледі, сауал нәтижелері оқыту сабақтарын жоспарлау үшін пайдаланылады. Жабдықтардың метрологиялық тексерістерінің кестесі мен мерзімі 2018-2020 жылдары толығымен сақталды, метрологиялық тексеріске жататын барлық жабдықтардың тиісті лейблдар мен сертификаттары бар.

## 3 БӨЛІМ. КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБЫЛЕТТІЛІГІ

### 3.1. Қызметтің түйінді көрсеткіштері (даму жоспары бойынша)

**1-Стратегиялық бағыт:** *Қаржы қаражатын тиімді пайдалану*

**1.1-мақсат:** *Активтерді тиімді пайдалану мен кредиторлық қарыдың болмауы***.** *Кәсіпорын кірісін арттыру*

| № р/б | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлік | 2020 жылға жоспар | 2020 жыл фактісі | 2019 жыл фактісі | 2018 жыл фактісі | Жетістіктер туралы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Активтер табыстылығы (ROA) | % | 1,7 | 1,7 | 1,3 | 1 | Жетті |
| 2 | Мерзімі өткен кредиторлық қарыз | % | 0 | 0 | 0 | 0 | Жетті |
| 3 | Ақылы қызметтерден келген кіріс | % | 14 | 3,7 | 4 | 9 | Жеткен жоқ |

Осы стратегиялық мақсат шеңберінде негізгі міндеттер бойынша жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде 3 индикатордың 2 индикаторына қол жеткізілді. «Ақылы қызметтерден түсетін кірістер» нысаналы индикаторына қол жеткізбеу бұрын ақылы негізде көрсетілетін қызметтердің ТМККК шеңберінде орындалуымен байланысты.

**2-Стратегиялық бағыт:** *Клиенттер*

***2.1-мақсаты**: Пациенттерге бағдарланған медициналық көмек корсету жүйесін құру*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлік | 2020 жылға жоспар | 2020 жыл фактісі | 2019 жыл фактісі | 2018 жыл фактісі | Жетістіктер туралы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикаторлар** | | | | | | |
| 1 | Медициналық ұйымдардың өндірілген қан компоненттерінің сапасы мен көрсетілетін қызметтердің қанағаттану деңгейі | % | 100 | 100 | 100 | 100 | Жетті |
| 2 | Кәсіпорын аккредитауінің болуы | иә/жоқ | иә | иә | иә | Иә | Жетті |
| 3 | Негізделген шағымдардың болмауы | Саны | 0 | 0 | 0 | 0 | Жетті |

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде негізгі міндеттер бойынша осы стратегиялық мақсаттың шеңберінде 3 индикатордан 3 индикатордың орындалуы байқалады.

**3-Стратегиялық бағыт:** *Кадрлық саясатты жүзеге асыру және кадрларды басқару жүйесін жетілдіру*

***3.1-мақсат:** Білікті кадрлармен қамтамасыз ету*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлік | 2020 жылға жоспар | 2020 жыл фактісі | 2019 жыл фактісі | 2018 жыл фактісі | Жетістіктер туралы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикаторлар** | | | | | | |
| 1 | Ұйым қаржысы есебінен біліктілік арттырудан, қайта даярлаудан өткен қызметкерлердің үлесі | % | 100 | 100 | 100 | 100 | Жетті |
| 2 | Дәрігерлер және медициналық қызметкерлердің санаттылық деңгейі | % | 58 | 67 | 62 | 55/61 | Жетті |
| 3 | Өндірістік персоналдың қанағаттану деңгейі | % | 85 | 87 | 80 | 80 | Жетті |
| 4 | Кадрлармен жасақталуы: жалпы (қызметкерлердің барлық саны бойынша) | % | 95 | 98 | 96 | 90 | Жетті |
| 5 | Өндірістік персоналдардың тұрақсыздығы | % | 10 | 12 | 23 | 11 | Жеткен жоқ |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Маманның 1 мөлшеріне орташа жалақының экономикадағы орташа жалақыға арақатынасы | % | 1,46 | 1,46 | 1,45 | 1,5 | Жетті |
| 7 | Қоса атқару коэффициенті | % | 1,3 | 1 | 1,3 | 1,4 | Жетті |
| 8 | Ағылшын тілінің Intermediate деңгейін меңгерген клиникалық мамандардың үлесі | % | 5 | 0 | 52 | 0 | Жетті |

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде негізгі міндеттер бойынша осы стратегиялық мақсаттың шеңберінде 8 индикатордан 7 индикатордың орындалуы байқалады.

2019-2022 жылдар аралығында барлығы 28 қызметкерді (52%) ағылшын тілінде оқыту жоспарланған болатын. "Intermediate деңгейінде ағылшын тілін меңгерген клиникалық мамандардың үлесі" индикаторына 2019 жылы (100%) қол жеткізілді, осыған байланысты 2020-2022 жылдары бұл индикатор 0-ді құрайды.

***4-Стратегиялық бағыт:*** *Ішкі процестерді қамтамасыз ету*

***4.1-мақсат:*** *Қызмет тиімділігін арттыру*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлік | 2020 жылға жоспар | 2020 жыл фактісі | 2019 жыл фактісі | 2018 жыл фактісі | Жетістіктер туралы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** |
| | **Мақсатты индикаторлар** | | | | | | |
| 1 | Қоғам қатарынан байқау кеңесінде тәуелсіз мүшелердің үлесі | % | 30-ден кем емес | 40 | 30 | 30 | Жетті |
| 2 | Типтік корпоративтік құжаттар пакетінің болуы (4) | иә/жоқ | иә | иә | иә | иә | Жетті |

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде негізгі міндеттер бойынша осы стратегиялық мақсаттың шеңберінде 2 индикатордан 2 индикатордың орындалуы байқалады.

***4.2-мақсат:*** *Облыстың медициналық ұйымдарының қанға және оның компоненттеріне қажеттілігін қамтамасыз ету*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем | 2020 жылға жоспар | 2020 жыл фактісі | 2019 жыл фактісі | 2018 жыл фактісі | Жетістіктер туралы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | бірлік | | | | | мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикаторлар** | | | | | | |
| 1 | Өтеусіз донациялар үлесі | % | 99 | 99,3 | 99,9 | 100 | Жетті |
| 2 | Барлық дайындалған консервіленген қаннан жарамсыз қан үлесі | % | 7 %-дан артық емес | 2,2 | 2,6 | 3 % | Жетті |
| 3 | Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін есептен шығарылған қанның нысанды элементтерінің үлесі | % | 10%-дан артық емес | 0 | 0,02 | 0,05 | Жетті |
| 4 | ЖМП карантиндеу деңгейі | % | 67,7 | 50,0 (карантин) 33,0 (вирусинакт.) 83,0 (жалпы) | 63,5 77,6 (жалпы) | 79,1 | Жетті |

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде негізгі міндеттер бойынша осы стратегиялық мақсаттың шеңберінде 4 индикатордан 4 индикатордың орындалуы байқалады.

***4.3-мақсат:*** *Қан компоненттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлік | 2019 жылға жоспар | 2019 жыл фактісі | 2018 жыл фактісі | 2017 жыл фактісі | Жетістіктер туралы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикаторлар** | | | | | | |
| 1 | Донорларды зертханалық зерттеу деңгейі (Нв, қан тобы, резус фактор, АЛаТ, жалпы ақуыз, ақуыз фракциялары, жалпы қан талдауы, бруцеллез) | % | 100 | 100 | 100 | 100 | Жетті |
| 2 | Донорлық қан үлгілерін иммуногематологиялық зерттеу жүргізу деңгейі - скрининг а/э антидене | % | 100 | 100 | 100 | 100 | Жетті |
| 3 | Трансфузиялық инфекцияларға донорлық | % | 100 | 100 | 100 | 100 | Жетті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қан үлгілеріне келесі әдістермен жүргізу деңгейі: ИХЛТ, ПТР, жабық үлгідегі автоматты талдағыштарда | | | | | | |

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде негізгі міндеттер бойынша осы стратегиялық мақсаттың шеңберінде 3 индикатордан 3 индикатордың орындалуы байқалады.

***4.4-мақсат:*** *Шығарылатын қан компоненттері мен медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесін жетілдіру*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлік | 2020 жылға жоспар | 2020 жыл фактісі | 2019 жыл фактісі | 2018 жыл фактісі | Жетістіктер туралы мәліметтер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикаторлар** | | | | | | |
| 1 | Қан өнімдері сапасын бақылау деңгейі | % | 100 | 100 | 100 | 100 | Жетті |
| 2 | Медициналық жабдықтарға және ақпараттық жүйелерге техникалық қызмет көрсету деңгейі | % | 100 | 100 | 99,75 | 100 | Жетті |

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде негізгі міндеттер бойынша осы стратегиялық мақсаттың шеңберінде 2 индикатордан 2 индикатордың орындалуы байқалады.

### 3.2. Негізгі медико-экономикалық көрсеткіштер (соңғы 3 жылда)

**Соңғы 3 жыл үшін медико-экономикалық көрсеткіштер**

| № | Атауы | 2018 жыл фактісі | 2019 жыл фактісі | 2020 жыл фактісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Пациенттердің қанағаттану деңгейі | 100 | 100 | 100 |
| 2 | Персоналдың қанағаттану деңгейі | 80 | 80 | 87 |
| 3 | Трансфузиялық инфекцияларға донорлық қан үлгілеріне келесі әдістермен жүргізу деңгейі: ИХЛТ, ПТР, жабық үлгідегі | 100 | 100 | 100 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | автоматты талдағыштарда | | | |
| 4 | Эритроциттер лейкофильтрациялау деңгейі | 100 | 100 | 100 |
| 5 | ЖМП лейкофильтрлеу деңгейі | 100 | 100 | 95 |
| 6 | Тромбоциттер вирусинактивациясы деңгейі | 100 | 100 | 100 |
| 7 | ЖМП вирусинактивация деңгейі | 4,8 | 8,6 | 34,4 |
| 8 | Қан өнімдерінің сапасына бақылау жүргізу деңгейі | 100 | 100 | 100 |
| 9 | Есепті кезеңдегі кірістер | 1 038 926,7 тыс.тенге | 1 106 989,3тыс.тенге | 1 248 031,4 |
| 10 | Есепті кезеңдегі барлық шығын | 1 027 988,7 тыс.тенге | 1 097 322,6 тыс.тенге | 1 244 422,5 |
| 11 | Ақылы медициналық қызметтерден түсетін кіріс | 48 778,8 тыс.тенге | 43 394,3 тыс.тенге | 43 312,5 |
| 12 | Мерзімі өткен кредиторлық қарыз | 0 | 0 | 0 |

## 4 БӨЛІМ. ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚАРАЖАТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ. БЮДЖЕТТІҢ КІРІС БӨЛІГІН АРТТЫРУ МЕХАНИЗМІ

**4.1. Қаржы жағдайы туралы есеп (қаржылық-экономикалық көрсеткіштер)**

Қаржылық менеджмент тиімділігін арттыру, оның ішінде бюджеттік шығындар тиімділігін бағалау

**1-іс-шара.**

Қаржы қаражатын тиімді пайдалануға арналған кәсіпорынның кірісі мен шығысын бақылау.

2020 жылы кірістен 1 248 031,4 мың теңге сомасын алу көзделді, 01.01.2021 ж. қаржы қаражатының қалдығы 55 563,3 мың теңгені құрады. Барлық шығыс 1 244 422,5 мың теңгені құрады.

Қаржы қаражаты кәсіпорын дамуының бірінші кезектегі міндеттерін шешуге бағытталған. Қаржы ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында ай сайын жүргізілетін шығыстарға талдау жүргізіледі, мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

**2-іс-шара.**

Ішкі және сыртқы қаржылық бақылау. Кәсіпорынның қаржылық шығыстары туралы заңнаманы қамтамасыз ету және сақтау, бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануға жол бермеу мақсатында кәсіпорында «Ішкі қаржылық аудит жөніндегі комиссия құру туралы» 2019 жылғы 11 ақпандағы 30-Ө және 2020 жылғы 30 желтоқсандағы 267-Ө бұйрығы шығарылды, 2020 жылғы 7 ақпандағы «Ішкі қаржылық аудит туралы ереже» әзірленді. 2020 жыл ішінде қаржылық аудит жүргізілді (15.05.2020 ж., 20.08.2020 ж. хаттама).

**4.2** Пайда, шығын және жиынтық кіріс туралы есептеме

**1-іс-шара.** ТМККК және ақылы медициналық қызметтерден түскен кіріс.

2020 жылы ТМКК-ден түскен кіріс 1 173 852,8 мың теңгені құрайды, оның ішінде: қан, оның компоненттері мен препараттарын дайындау 1 164 555,5 мың теңгені құрайды.

2019 жылмен салыстырғанда ТМККК-ден кіріс 152 303,8 мың теңгеге артты.

2020 жылы ақылы қызметтер бойынша кіріс 43 312,5 мың теңгені құрады. 2019 жылмен салыстырғанда кіріс 2 918,3 мың теңгеге артты.

Жұмыс нәтижесі бойынша 2020 жылы 3 608,9 мың теңге пайда түсті.

**2-іс-шара.** Маркетинг саясатын жетілдіру.

«Облыстық қан орталығы» КМК сайтта ақпаратты жаңарту бойынша тұрақты жұмыстар атқарылады. Клиниканың ресми парақшалары Vk, mail.ru, OK.ru., Facebook, Twitter, Instagram әлеуметтік желілерінда бар. Облыстың емдеу мекемелерін қамтамасыз ететін клиниканың жұмысы туралы буклеттер, плакаттар, лифлеттер, бейнероликтер бар, сондай-ақ облыстың халқы арасында таратылады.

**4.3. Капитал өзгерісі туралы есеп.**

Капитал 213 971,8 мың теңге сомаға азайды және 1 838 522,2 мың теңгені құрайды. Азаю негізгі құралдардың тозуымен байланысты.

**4.4.Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.**

01.01.2020 ж. ақша қаржысының қалдығы 105 639,1 мың теңгені құрайды. Есеп беру кезеңінде 1 217 165,4 мың теңге сомасындағы ақша қаражаты түсті, шығыс 1 267 241,2 мың теңгені құрады. Ақша қаражатының қалдығы 31.12.2020 ж. 55 563,3 мың теңгені құрады.

**4.5. Негізгі құралдарды тиімді пайдалануды бағалау**

Негізгі қорларды тиімді пайдалану негізгі қордың бір жылда орташа жылдық толық құнына (кәсіпорын деңгейінде) өнімдерді шығару көлемінің қатынасы ретінде есептелетін қор қайтарымы көрсеткішін сипаттайды:

| Көрсеткіштер | 2019жыл | 2020жыл | Жылдағы өзгерістер |
|---|---|---|---|
| 1. Көрсетілген қызметтер көлемі (мың теңге.) | 1 056 618,1 | 1 236 930,2 | +180 312,1 |
| 2. Негізгі қордың орташа жылдық сомасы (мың теңге) | 2 751 579,7 | 2 780 377,3 | +28797,6 |
| 3. Қор қайтарымы (теңге) (1:2) | 0,38 | 0,44 | +0,06 |

Қор сыйымдылығы қор қайтарымының кері мөлшері болып табылады. Ол өндірілген өнімнен қанша негізгі өндірістік қорларының 1 теңгеден келстінін сипаттайды. Қор сыйымдылығы бұл бастапқы құнның шығарылған өнімнің көлеміне бөлінген өндірістік негізгі қордың орташа сомасы.

| Көрсеткіштер | 2019 жыл | 2020 жыл | Жылдағы өзгерістер |
|---|---|---|---|
| 1. Көрсетілген қызметтер көлемі (мың теңге.) | 1 056 618,1 | 1 236 930,2 | +180 312,1 |
| 2. Негізгі қордың орташа жылдық сомасы (мың теңге) | 2 751 579,7 | 2 780 377,3 | +28797,6 |
| 3. Қор қайтарымы (теңге) (2:1) | 2,60 | 2,25 | - 0,35 |

Қор сыйымдылығының төмендеуі еңбекті үнемдеуді білдіреді. Қормен жарақтандырылу қор қайтарымы мен қор сыйымдылығына өте үлкен әсерін береді. Қормен жарақтандырылу қызметкерлердің еңбекпен жабдықталу деңгейін сипаттау үшін қолданылады.

| Көрсеткіштер | 2019 ж. | 2020 ж. | Жылдағы өзгерістер |
|---|---|---|---|
| 1.Қызметкерлердің орта тізімдік саны | 133 | 131 | 2 |
| 2. Негізгі қордың орта жылдық сомасы (мың теңге.) | 2 751 579,7 | 2 780 377,3 | +28 797,6 |
| 3. Қормен жасақталу (теңге) (1:2) | 20 688 | 21 224 | +536 |

Сонымен қатар, шеткі мәнге қаржы индикаторлары иеленді:
- «Активтердің табыстылығы» (жоспар бойынша 1,7 %, факт – 1,7 %).
- «Ақылы қызметтерден кіріс үлесі» (жоспар – 14 %, факт – 3,7 %).
- «Ұзақ мерзімді несиелік берешектің жоқтығы» (жоспар бойынша 0,00 теңге, факт -0,00 теңге)

**4.6. Кіріс көлемінде бюджеттен тыс қаржы үлесін арттыру**

Есеп беру жылы ақылы медициналық қызметтерден түскен кіріс 43 312,5 мың теңгені (жоспар 41 748,5 мың теңге) құрайды. Жоспармен салыстырғанда ақылы қызметтерден түсетін табыстың 3,7 % -ға артуы байқалады.

## 5 БӨЛІМ. ПАЦИЕНТТЕР

**5.1** Пациенттерді (донорларды) тарту

2020 жылы 6655 донордан 11545 донация болды, 2019 жылмен салыстырғанда донациялардың жалпы санының (11842) 297 донацияға төмендеуі байқалады.

2020 жылы донорлардың саны - 6655 (2019 жылы - 7510), оның ішінде бастапқы 1958 (2019 жылы - 2556), донорлардың жалпы санының 855-ке (11%) төмендеуі, бастапқы донорлардың 598-ге (7,6%) төмендеуі байқалады.

2020 жылы тұрақты донорлардың саны 1340 (20%) болды, 2019 жылмен салыстырғанда тұрақты донорлардың саны 245 (18%)

Өтеусіз донациялар санының 2020 жылы 99,3% – ға, 2019 жылы – 99,9% - ға төмендеу және ақылы донациялар санының 2020 жылы 0,7% - ға, 2019 жылы-0,1% - ға ұлғаю үрдісі байқалады.

**5.2. Пациенттердің (донорлардың және медициналық ұйымдардың) медициналық ұйымның қызметтеріне қанағаттанушылықтары. Шағымдармен жұмыс**

Пікірлер мен ұсыныстарды талдау негізінде қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында Кәсіпорын ай сайын құйылған гемотрансфузиялық ортаның жағымсыз реакциялары мен асқынуларына қан өнімін алатын медициналық ұйымдардан ақпарат жинауды, гемоөнімнің сапасын, қан компоненттері мен препараттарына қажеттілікті қанағаттандыруды, трансфузиялық ортаға өтінімдерді орындауды жүргізеді. 2018-2020 жылдары құйылған гемотрансфузиялық ортаға жағымсыз реакциялар мен асқынулар және гемоөнімнің сапасына наразылықтар болған жоқ, қан компоненттері мен препараттарына қажеттілік толық көлемде қанағаттандырылды.

Қызмет көрсету сапасын бағалау үшін тұтынушыларға сауалнама жүргізу жылына 2 рет жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері бойынша 36 медициналық ұйымның 100 қызметкері өнімді тұтынушылар болып табылады.

1. Қан өнімдеріне уақтылы өтінім толтыруға қанағаттану - 100%
2. Өнім сапасына наразылық - 0
3. Персонал құзыреттілігіне қанағаттану - 100%
4. Өнімді беру кезінде жұмыс талабына қанағаттану - 100%.

2018-2020 жылдар аралығында жұмыс сапасы мен ұсынылатын өнімге шағымдар мен наразылықтар түскен жоқ. Қан қызметкерлерінің өнім алу кезіндегі қарым - қатынасына (тілектестік, сыпайылық) қанағаттанушылық-100%.

2020 жылы анықтамалық сипаттағы 60 өтініш келіп түсті, 2019 жылы – 36, 2018 жылы – 36, барлық өтініштерге жауаптар уақтылы берілді.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту үшін тоқсан сайын донорларға сауалнама жүргізеді, 2018-2020 жылдар кезеңінде өткізілген сауалнама нәтижелері бойынша қан және оның компоненттері донорларының қызмет сапасына 100% қанағаттануы байқалады.

**5.3. Пациенттермен жұмыс, емдеуге жатқызылатын пациенттердің құрылымын басқару (аталмыш критерилер құзіретке жатпайды).**

**5.4. Пациенттер (донорлар) қауіпсіздігі**

**2020 жылы донорлар қауіпсіздігіне арналған келесі іс-шаралар атқарылды:**

ҚР 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясына 1998 жылғы 7 қазанда, 2007 жылғы 21 мамырда, 2011 жылғы 2 ақпанда келтірілген өзгертулер және толықтыруларға (II бөлім. Адам және Азамат, 12,13,16,17,18 баптар.), Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 07.07.2020 ж. № 360 –VI Кодексіне, ҚР ДСМ «Донорларды медициналық куәландыруға, медициналық қолдану үшін қан өнімдерін өндіру кезіндегі қауіпсіздік пен сапаға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 02.10.2020ж. № ҚР ДСМ – 113/2020 бұйрығы,

ҚР ДСМ 05.06.2018 ж. №325 бұйрығымен енгізілген өзгертулерімен «Медициналық ұйымдарды аккредиттеу стандарттарын бекіту туралы» ҚР ДСМ 02.10.2012 жылғы № 676 бұйрығына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде донордың құқықтары мен міндеттері туралы жазбаша мазмұны бар. Донорларға олардың құқықтары туралы ақпарат тіркеу орнында, донорлар сауалнама толтыратын столдарда, 1,2,3-қабаттағы холда ақпараттар бар.

Ақпараттық стендте орналастырылған өтінішті беру тәртібі әзірленді.

Өтініштермен жұмыс істеу үшін ақпараттық стендте және кәсіпорынның сайтында орналастырылған тәртіп қолданылады.

Қызметкерлер донорлар құқығы мен олардың ережелерді сақтаулары туралы хабардар етілген. Танысу парақтары бар. «Құпия ақпараттарды басқару» 22-6-19 СМЖ ҚР құжатталған рәсіміне сәйкес донор туралы ақпараттар құпиялығы қамтамасыз етіледі. Қызметкерге жұмысқа тұру барысында құпия ақпараттардың сақталуын қатамасыз ету бойынша талаптар түсіндіріледі, «Құпия ақпараттарды таратпау туралы міндеттемелерге» қол қояды. Персонал бірінші басшының бұйрығымен, сондай-ақ құпия ақпаратпен жұмыс жөніндегі 22-6-19 СМЖ ҚР танысқаннан кейін құпия ақпараттары бар жұмысқа рұқсат алады. Семинарлық сабақтардың жоспары мен құпия ақпаратмен жұмыс жасаудың персоналды оқыту жұмысының хаттамасы бар. Құпия ақпараттары бар жұмыс бойынша тестілеуден өтеді.

Донордың қан тапсыруға келісімін алған соң және зертханалық зерттеулерді жүргізген соң, донор сауалнамасында және донор картасында қол қойылып расталады.

Донорды, донорлық қанды тексеру, қан өнімдерін дайындау және қайта өңдеу және т. б. рәсімдер бойынша ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес 24 Құжатталған рәсім (ҚР) және операциялық рәсімдердің 180 стандарты (ПКҚ) қайта қаралды және өзектендірілді.

Тоқсан сайынғы мониторингпен медициналық қызметтердің сапа менеджменті жүйесін және пациент қауіпсіздігін бағалаудың 40 Ішкі индикаторы әзірленіп, енгізілді.

**Қан компоненттерін иммунологиялық және инфекциялық қауіпсіздігін арттыру үшін жаңа технологиялыр мен заманауи жабдықтар пайдаланылады, оның ішінде:**

1. «Info DONOR» автоматтанырылған ақпараттық жүйесі қызмет етеді, ол: донорлыққа абсолютті қарсы көрсетілімдері бар тұлғаларды шегеріп тастайды, донорларды визуалды сәйкестендіреді, жеке куәліктер деректерін автоматты түрде оқиды, кабинеттерге визуалды шақырады, автоматты түрде зертханалық зерттеу нәтижелері есебінен жарасымсыздарды алады, таңбалайды, дайындалған қан компоненттерін бақылайды.
2. 2016 жылдан бастап трансмиссивтік инфекцияға жабық типтегі автоматты талдауыштарда ИХЛА және ПЦР әдісімен донорлық қан үлгілеріне 2-кезеңдік скрининг жасалады, донорлық қан үлгілерінің скрининг үлгісі 100% құрайды.
3. 2017 жылғы мамырдан бастап қан үлгілерін гиммуногематологиялық зерттеу 100% автоматты талдауыштарда өтеді.
4. Қан компоненттері қауіпсіздігі келесі әдістерді қолдану жолымен қамтамасыз етіледі:

- қан компооненттері лейкофильтрациясы;
- жаңа мұздатылған плазманың карантинизациясы;
- плазма мен тромбоциттердің вирусинактивациясы.

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында медициналық зерттеулер аккредиттеу ҚР СТ ISO 15189-2015 «Медициналық зертханалар. Сапа мен құзыреттілікке қойылатын талаптар» талаптарына сәйкестігіне № KZ. M. 10. 2227 18.06.2019 жылғы (18.06.2024 жылға

дейін жарамды) аттестаты алынды. 2020 жылы Орталық медициналық зертхананың ҚР СТ ISO 15189-2015 талаптарына сәйкестігіне аккредитациялаудан кейінгі мониторингтен өтті.

### 5.5. Қатерлерді басқару

Кәсіпорын тәуекелдердің алдын алу және салдарын жою процесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізеді. Тәуекелдерді басқару бағдарламасы бар, оған мыналар кіреді: құжаттың мақсаты мен міндеттері; тәуекелдер тізілімінің үлгісі және тәуекелдерді бағалау тәсілі; персоналды оқыту талаптары; тәуекелдердің түрлері (стратегиялық, клиникалық, қаржылық, өзге де тәуекелдер); тәуекелдерді жою жөніндегі іс-қимыл жоспары және әрбір елеулі тәуекелге іс-қимыл. Тәуекелдерді басқару жөніндегі жыл сайынғы жоспар Стратегиялық және Кешенді жоспарлардан алынған ақпаратты, клиникалық көрсеткіштер мен жағымсыз оқиғаларды талдауды ескере отырып әзірленді. Тәуекелдерді басқару жоспары әрбір бөлімшеде бар, оған сәйкес тұрақты іс-шаралар және қызметкерлердің білімін бағалау жүргізіледі. Тәуекелдерді басқару жоспарына мониторинг жүргізу Пациентті (донорды) қолдау қызметіне және ішкі сараптамаға бекітілген. Іс-шаралардың орындалуына және жағымсыз оқиғалардың болуына мониторинг ай сайын жүргізіледі, ақпарат қызметкерлер мен комиссиялардан түседі, қоршаған ортаның жай - күйін талдау деректері талданады.

**Қатерлерді басқаруды талдау**

| **Туындауы мүмкін қатерлердің атауы** | **Бұл қатерлер әсер етуі мүмкін мақсат** | **Қатерлерді басқару бойынша шаралар қабылдамау жағдайының туындауы мүмкін салдары** | **Қатерлерді басқару бойынша жоспарланған іс-шаралар** | **Қатерлерді басқару бойынша іс-шаралардың нақты орындалуы** | **Орындалмау себептері** |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** |
| **1. Сыртқы қатерлер:** | | | | | |
| ТМККК көлемінің жеткіліксіздігі салдарынан қаржы жүктемесімен байланысты | Активтерді тиімді пайдалану және кредиторлық қарыздардың болмауы. Кәсіпорын | Тауарлар мен қызметтерді жеткізушілер алдында міндеттерді | Шарттық міндеттерді орындалуын бақылау. Тауарлар мен қызметтердің уақтылы төлемдерін талдау | Шарттық міндеттердің орындалуын бақылау, тауарлар мен қызметтерге төлемдер. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| медициналық ұйымдардың дебиторлық қарыздарының болуы | кірісінің артуы. Тұтынушылар және қызмет түрлері саңының кеңеюі. | орындамау. Ақылы қызметтердің дамымауы | | | |
| Жабдықтар мен ММБ импортқа тәуелді болуына байланысты шығын материалдарының тұрақсыз түсуі. | Облыстың медициналық ұйымдарын қажеттіліктерін қан және оның компоненттерімен қамтамасыз ету. Қан компоненттері қауіпсіздігін қамтамасыз ету. | Облыстың медициналық ұйымдарын қан компоненттеріне өтінімдерін қамтамасыз етпеу ПҚА сәйкес келмейтін компоненттерді беру Өндірістік үрдістің тоқтауы | ММБ жеткізушілерімен шарттық міндеттердің орындауларын бақылау.ММБ қорының болуын бақылау. | Шарттық міндеттерді уақтылы орындау: жеткізу-төлем кестесін сақтау. Қоймадағы шығын материалын азамайтын қорын ұстану. | |
| Ұлттық валтаның ауытқуына байланысты ММБ құнының артуы | Қан компоненттері қауіпсіздігін қамтамасыз ету | ММБ қорының болмауы | ММБ жеткізушілерімен шарттық міндеттемелер талаптарын орындалуын бақылау | Шарттық міндеттемелер талаптарын сақтау бойынша бақылау жасау | |
| **Қанның сирек тобымен донорлардың жеткіліксіздігі** | Облыстың медициналық ұйымдарын қан және оның компоненттерімен қамтамасыз ету | Медициналық ұйымдардың өтінімдерін уақтылы орындамауы немесе мүлдем орындамауы | Ақылы негізде донацияға донорларды шақыру 2020 жылы ақылы донациялардың деңгейі 0,7% - ды (11545 - тен 78 - і), 2019 жылы 0,1% - ды (11842-ден 6д.), 2018 жылы бұл көрсеткіш 0% - ды құрады. | Донорлық қозғалысты дамыту бойынша іс-шаралар өткізу. Сирек қан топтары бар әлеуетті донорлардың тіркелімі тұрақты негізде толықтырылып отырады: 2020ж. 90 тұлға, 2019ж. - 120, 2018-108 RH ( - ) тұлғалары сирек қан топтары бар донорлар тіркеліміне енгізілген; Донорлар қан тапсыруға немесе Call – орталықтың телефон қоңыраулары және СМС хабарламалар арқылы | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | трансфузиялық инфекцияларға қайта тексеруге шақырылады. | |
| | | **2. Ішкі қатерлер:** | | | |
| **Уақтылы жабықтарды жоспарлы техникалық қызмет етпеуі** | Қан компоненттері қауіпсіздігін қамтамасыз ету | Жабдықтардың істен шығуы; Өндірістік үрдістің тоқтауы; Медициналық ұйымдардың өтінімдерін орындамауы; Қан компоненттерін сақтау, реагенттер мен қан үлгілерінің сақталуы режимінің бұзылуы; Қаржылық шығынға ұшырау | Істен шығу себебін анықтау Басшылыққа және инженерлік қызметке хабарлау. «Техникалық құралдарды басқару» ҚР-ға сәйкес, «Жабдықты пайдаланудан шығару және жөндеуден кейін оны жұмысқа енгізу тәртібі» СОР-ға: сәйкес әрекет ету | Қызмет көрсету бойынша шарт жасалады және орындалады; Техникалық қызмет ету және жабдықтарды метрологиялық тексеру кестесіне сәйкес іс-шаралар жасалады. Персоналды оқыту, жабдықтармен жұмыс жасау барысында пайдалану және қауіпсіздік техникасы ережесін орындау және сақтау; «Техникалық құралдарды басқару», «Жабдықтарды, зерттеу рәсімдері мен әдістерін верификациялау» ҚР сәйкес іс-шаралар орындалады | |
| **Өрттің туындауы** | Облыстың медициналық ұйымдарын қан және оның компоненттерімен қамтамасыз ету | Өндірістік үрдістің тоқтауы. Медициналық ұйымдарын өтінімдерін орындалмауы. Материалдық залал. Персоналдың, донорлардың және | Шұғыл әрекет ету шараларын басқару және үйлестіруге жауапты: 1)апаттық қызметті және персоналға шұғыл байланыс жүйесін пайдалан отырып, хабарланады; 2)эвукациялау стандарттарына сәйкес қажеттілік болғанда | Персонал өрт кезінде әрекет ету өртке қарсы қауіпсіздік техникасы ережелері оқытылады. Ғимаратта көшірудің қосымша жолдарымен қамтамасыз етілген. Ғимарат және шатыры толығымен монолит бетоннан тұрады (өртке төзімді материал). Ішкі және сыртқы эвакуациялық баспалдақтар бар. Щит есіктері өртке төзімді материалмен және ішкі жағынан қаңылтырмен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | келушілердің денсаулығы мен өмірін жоғалту. | ғимараттан адамдарды және қан компоненттерін шығарады;<br>Өрт қауіпсіздігін басқару бойынша іс-шаралар атқарылады | қапталған. Кәсіпорын өртке қарсы келесі құралдармен қамтамасыз етілген: 59 тисті орындарда және тисті жазулармен өрт сөндіру мен өрт қолғаптары бар өрт шкафтары орналасқан, тұрған орындары эвакуациялау жоспарларында көрсетілген, аумақта тұрған орны көрсетілген 2 өрт гидранты бар. Эвакуациялау жоспарлары блок бойынша әрбір қабатта орналасқан. Сигнал 2000 хабарламасымен өрт сигнализациясы бар. Автоматты өрт сигнализациясына жыл сайынғы қызмет көрсету шарты жасалған. Өрт сөндіру құралдарының жай-күйін есепке алу және өрт сигнализациясын тексеруді есепке алу журнаы бар.<br>Тез жанатын заттар, газ баллондары және басқа да әлеуетті қауіпті материалдар және химиялық заттар қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарына сәйкес сақталады және пайдаланылады:<br>1) жүйелі сұрыпталады және таңбаланады;<br>2) бөлмелерді жабу және герметикалық оқшаулау;<br>3) газ баллондарды сақтауға арналған қоршаулары бар немесе жабу механизмдері контейнерлерді пайдалану, оларға рұқсат тек өкілетті тұлғаларға ғана болады;<br>4) химикаттар жертөледегі арнайы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | поддондардағы еденнің бойымен сақталады;<br>«Кәсіпорынның өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету» ҚР бойынша іс-шаралар орындалуда. | |

2020 жылы тәуекелдер тіркелді: жабдықтың істен шығуы-64, иненің тромбозы – 18, қан өнімдерінің техникалық ақауы – 27, сәтсіз донация – 2, донордың құлауы - 1, донор жағдайының нашарлауы-12 (қан өнімдерін есептен шығарумен), ыдыстың ақауы-61. Тәуекелдердің туындауының барлық жағдайлары бойынша тиісті түзету іс-шаралары мен алдын алу іс-әрекеттері жүргізілді, донорлар, медициналық ұйымдар мен реципиенттер үшін теріс салдарлар болған жоқ.

## 6 БӨЛІМ. КАДРЛАР. ПЕРСОНАЛДЫ ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ МЕН ДАМУЫ

**6.1.** HR-менеджмент тиімділігінің негізгі көрсеткіштері: түйінді мамандарды оқыту және қайта даярлау, кадрлар тұрақсыздығы (барлық санаттар бойынша), қызметкерлердің жұмыс талаптарына қанағаттанушылықтары

Түйінді мамандарды оқыту және қайта даярлау:

Кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында есеп беру кезеңінде ел ішінде Ұйымның 40 қызметкері оқытылды, ол қызметкерлердің жалпын санының 30% құрайды, дәрігерлер – 16, ОМП – 15, ӘБП – 1, өзгелері – 8 адам. Сондай-ақ 7 қызметкер республикалық және облыстық деңгейде конференциялар мен семинарларға қатысты.

Есеп беру кезеңінде кейбір индикаторлар бойынша жағымды динамика байқалады: оқудан/қайта даярлаудан өткен персоналдың үлесі жоспарлы мәндермен салыстырғанда артады. Персоналдың қанағаттанушылықтарын анықтау мақсатында жыл сайын Персоналды басқару қызметімен еңбек шарты мен жұмыс берушіге қанағаттанушылық мәніне байланысты персоналға сауалнама жүргізіледі. Кадрдың тұрақтамауы есепті жылы 23%-дан 12%-ға дейін төмендеді, оның ішінде дәрігерлердің тұрақтамау деңгейі – 1%, ОМП – 5%, КМП-0%, басқалары-6%.

### 6.2 Еңбекке сараланған төлемді енгізу, оның ішінде еңбекке бонустық төлеу жүйесі

Сараланған еңбекақы төлеу жүйесі бар еңбекақы төлеу туралы ереже кәсіпорында 2013 жылы әзірленді және енгізілді. Еңбекақыны ынталандыру коэффицентті арттыру мен төмендету арқылы жасалады, ол бөлімдердің өндірістік нәтижелігіне қол жеткізуіне және кәсіпорын қызметкерлерінің қосымша жұмыс көлемін орындауына байланысты.

2020 жылы қосымша материалдық ынталандыру (ынталандыру) түрінде төленді:

ФОК өсуі-7 370,8 мың теңге, бұл 2019 жылға қарағанда 3 085,0 мың теңгеге артық;

ФОК азаюы мен айыппұл санкциялары 2020 жылы - 1 495,0 мың теңгені құрады, бұл 2019 жылға қарағанда 809,8 мың теңгеге жоғары;

27 679,3 мың теңге сомасында сыйлықақы, бұл 2019 жылға қарағанда 5 526,9 мың теңгеге артық.

**6.3 Материалдық емес ынталандыру, оның ішінде әлеуетті арттыру**

Корпоративтік мәдениетті дамыту және корпоративтік құндылықтарды қолдау:

Ұйымда тұрақты негізде корпоративтік мәдениетті дамыту және корпоративтік құндылықтарды қолдау бойынша іс-шаралар өткізіледі. Қызметкерлер жұмысқа қабылданғанда Әдеп кодексі және деонтологияны оқуға міндетті, онда кәсіби қызметтер мен корпоративтік мәдениет бағыттары көрсетіледі.

Денсаулық сақтау басқармасының сұранысы бойынша Медицина қызметкері күні мен Тәуелсіздік күнін мерекелеу құрметіне орай, Ұйым қызметкерлерін құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапаттау үшін марапаттау материалдарын дайындау жұмыстары атқарылды.

Басшылықты дамытудың жеке жоспары тиісті жылға құрылды.

Есеп беру кезеңінде барлық өз еріктерімен жұмыстан шыққан қызметкерлер саны 17 оның ішінде ӘБП – 1, дәрігерлер – 2, ОМҚ – 7, КМҚ – 0, өзгелер - 7. Белгілі себептермен кеткен қызметкерлер саны – 17, оның ішінде жұмыстан шығу себептеріне байланысты: 1 қызметкер – зейнетке шығу, 1– басқа қалаға көшу.

**6.4 Қатерлерді басқару**

Медициналық және медициналық емес персоналдардың қауіпсіз және эргономикалық талаптарды қамтамасыз етуі.

Есептік кезеңдеҚж/еЕҚ бойынша жұмыстар жүргізілді:

- Қж/еЕҚ бойынша 11 семинар және практикалық сабақтар өткізілді;
- өрт – техникалық минимумы саласында өрт қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалар оқытылды - 7 қызметкер;
- Қж/еЕҚ саласында білімін жыл сайын тексеру жүргізілді - 106 қызметкер;
- электр қондырғыларымен жұмыс кезінде ҚТ ережелері мен нормалары бойынша білімдерін тексеру жүргізілді – 3 қызметкер;

Есепті кезеңде АҚ және ТЖ бойынша жұмыс жүргізілді:

- «ҚР аумағында деструктивті діни ағымдардың қызметі. Жарылғыш құрылғыны анықтау әрекеттері. Экстремизм мен терроризмді насихаттау. Адамдарды кепілге алу кезіндегі іс-әрекеттер» - 11 саминар сабақтары өткізілді;
- 25 бейнебақылау камерасына монтаждау жүргізілді;
- Алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалану бойынша практикалық сабақтар өткізілді - 12 қызметкер.

Қызметкерлер авариялар мен төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша іс-қимыл алгоритміне оқытылды. Жүргізілген іс-шаралар қызметкерлердің АҚ және ТЖ, ЕҚ және ТҚ мәселелерінде дайындығын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде инциденттерді анықтау тәуекелдерін барынша азайтады.

## 7 БӨЛІМ. ҰЙЫМНЫҢ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

**7.1. Клиниканы, зертханалық қызмет, бейінді қызметті (ұлттық және/немесе халықаралық) аккредиттеу**

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында 2020 жылдың желтоқсан айында «Облыстық қан орталығы» КМК қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары үшін Ұлттық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне ұлттық аккредиттеуден өтті. Аккредиттеу нәтижелері бойынша бірінші санат берілді. 2019 жылы аккредиттеу өткізіліп, ҚР СТ ISO 15189-2015 «Медициналық зертханалар. Сапа мен құзыреттілікке қойылатын талаптарына» сәйкестігіне 18.06.2019 жылы № KZ M.10. 2227 аккредиттеу аттестаты алынды. 2020 жылы медициналық зертхананың ҚР СТ ISO 15189-2015 талаптарына сәйкестігіне аккредитациялаудан кейінгі мониторингтен өтті.

2020 жылы кәсіпорын сомасы 1 267 241,2 мың теңгеде қаржы ресурсын пайдаланды, оның ішінде:

-ТМККК орындау шеңберінде - 1 221 122,5 мың теңге;

-ақылы қызметтер көрсетуге қаржы - 36 711,4 мың теңге.

Кәсіпорын қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыруға және дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді қайта даярлауға қаржы 2 097,8 мың теңге кетті.

Өндірістік персоналдан біліктілікті арттыруға және қайта даярлауға 16 дәрігер және 15 орта медициналық қызметкерлер өтті, біліктілікті арттыру 3 дәрігер мен 7 медициналық қызметкерлер біліктілік санаттарын алды, басқа қызметкерлерден 9 қызметкер біліктілігін арттырды және оқытудан өтті.

Республикалық және облысық семинарға және конференцияға дәрігерлерден 7 адам қатысты.

Жыл сайынғы медициналық тексеруден 112 қызметкер өтті, шығын сомасы 220,1 мың теңгені құрады.

Донорлық қозғалысты дамытуға, оның ішінде баннерлер, парақшалар, брошюралар дайындауға 2020 жылы 614,7 мың теңге сомасында қаражат жұмсалды.

Медициналық ұйымдарды қамтамасыз ету үшін:

- сирек қан топтарымен әлеуетті донорлардың тіркелімін сирек қан топтарымен толықтыру бойынша акциялар өткізілді, осы акцияларға 15,2 мың теңге сомасында қаражат жұмсалды;

- COVID-19 антиденелері бар жаңа мұздатылған вирусинактивтендірілген иммундық плазмамен 78 донор тартылып, 1 524,9 мың теңге төленді.

Плазманы карантиндеу үлесін арттыру үшін донорларды бақылау тексерісіне қайтару талап етіледі, ол үшін донорларды СМС тарату және телефон қоңыраулары арқылы хабардар ету жүргізіледі, осы мақсаттар үшін шығыстардың жалпы сомасы 662,2 мың теңгені құрады.

Қан компоненттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жабық үлгідегі аппараттарда донорлық қан үлгілерінің ИХЛТ және ПТР әдісімен екі кезеңдік скринингі, қан компоненттерін лейкофильтрациялау және вирусинактивациялау, сондай-ақ донорлық қанды иммуногематологиялық, серологиялық, биохимиялық және гематологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған шығындар:

- ИХЛТ және ПТР екі кезеңдік скринингі-153 416,0 мың теңге;
- лейкофильтрация –199 193,7 мың теңге;
- вирусинактивация – 177 395,1 мың теңге;
- иммуногематологиялық, серологиялық, биохимиялық және гематологиялық зерттеулер – 108 974,1 мың теңгені құрады.

2020 жылы шығарылатын өнімнің сапасына бақылау жүргізу үшін шығындар 11 525,3 мың теңгені құрады.

2020 жылы медициналық жабдықтарға сервистік және техникалық қызмет көрсетуге арналған шығындар 19 544,9 мың теңгені және өлшеу құралдарын тексеруге – 448,3 мың теңгені құрады.

«Инфодонор» бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу шығыстары 2020 жылы 6 480,0 мың теңгені құрады.

**7.2. Науқастардың құрылымын басқару (салмақтық коэффициенттер бойынша саралау, стационар алмастырғыш технологияларды дамыту) (осы критерийлер құзырында емес).**

**7.3. Дәрілік препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды басқару.**

«Облыстық қан орталығы» КМК 08.01.2019 жылғы № 2-п бұйрығына сәйкес формулярлық комиссия қызмет етеді. Комиссия құрамы 9 адамнан тұрады, отырыс тоқсанына 1 рет өткізіледі. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 4 отырыс өткізілген (2019ж. - 2 отырыс; 2018ж. – 4 отырыс). Формулярлық комиссиянын негізгі мақсаты формулярлық жүйені енгізу және қолдау, сатып алу аспектілерін реттеу, дәрілік заттарды оңтайландыру және ұтымды пайдалану болып табылады. Формулярлық комиссия жыл сайын ДЗ және ММБ пайдалану тиімділігі бағаланады (дәрлік заттарды сатып алу, сақтау, мониторингі).

Дәрілік формулярды құру нысанын Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының формулярлық комиссиясымен әзірленеді. Дәрілік формулярды кәсіпорын директоры бекітеді және Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасымен келіседі.

«Облыстық қан орталығы» КМК 01.06.2020 ж. № 127-ө бұйрығына сәйкес кіріс бақылау өткізу үшін жауапты тұлғалар анықталды. Кіріс бақылаудың негізгі мақсаты - сапа мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін өнімді өндіріске шығарылуын болдырмау. Кіріс бақылау кіретін шығыс материалдарының, өнімдердің, ДЗ және ММБ тізбесіне сәйкес жүргізіледі. СМЖ ҚР 09-04-20 «Шығыс материалдарына, дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға кіріс бақылауын ұйымдастыру» сәйкес кіріс бақылауы жүргізіледі. 2020 жылы кіріс бақылау комиссиясы 645 кіріс бақылау процедураларын жүргізді(2019 – 624, 2018 – 671). 2020 жылы қабылданатын өнімнің кіріс бақылау талаптарына сәйкессіздіктер анықталған жоқ.

**7.4. Жаңа технологиялар, патенттер, ғылыми және клиникалық зерттеулер.**

«Облыстық қан орталығы» КМК материалдық-техникалық базаны нығайтуға арналған қолайлы инвестициялық тартымдылыққа ие: көбінесе қан компоненттері сапасын қамтамасыз ету және озық технологияларды дамыту. 2019 – 2022жж. ішінде жаңа технологияларды енгізу тұжырымдалады:

-өнімнің жаңа түріндегі өндіріс бойынша - өзектік жасушалар;

- қан компоненттерін R-сәулелеу.

**ҚОСЫМША**
**1-қосымша**

**Стратегиялық жоспарларға сәйкес стратегиялық бағыттардың мақсатты индикаторларға жету нәтижелері**

***1-Стратегиялық бағыт:*** *Қаржы қаражатын тиімді пайдалану*
**1.1-мақсат:** *Активтерді тиімді пайдалану және кредитордық қарыздың болмауы. Кәсіпорын кірісін арттыру.*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлігі | Ақпарат көзі | Жауаптылар | 2020ж жоспар | 2020ж фактісі | Жетістік мәртебесі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикатор** | | | | | | |
| 1 | Активтердің табыстылығы (RAO) | % | Есептеме | Қаржы бөлімі | 1,7 | 1,7 | Жетті |
| 2 | Мерзімі өткен кредиторлық қарыз | теңге | Есептеме | Қаржы бөлімі | 0 | 0 | Жетті |
| 3 | Ақылы қызметтерден түскен кіріс | % | Есептеме | Қаржы бөлімі | 12 | 3,7 | Жеткен жоқ |

***2-Стратегиялық бағыт:*** *Клиенттер*
***2.1-мақсат****: Пациенттерге бағдарланған медициналық көмек корсету жүйесін құру*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлігі | Ақпарат көзі | Жауаптылар | 2020ж жоспар | 2020ж фактісі | Жетістік мәртебесі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикатор** | | | | | | |
| 1 | Медициналық ұйымдардың өндірілген қан компоненттерінің сапасы мен көрсетілетін қызметтердің қанағаттану деңгейі | % | Пікір | СББ | 100 | 100 | Жетті |
| 2 | Кәсіпорынның аккредиттеуінің болуы | Иә/жоқ | Куәлік | СББ | иә | иә | Жетті |
| 3 | Негізделген шағымдардың болмауы | Саны | Шағым Рекламация | СББ | 0 | 0 | Жетті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ақпарат | | | | |

**Персоналды оқыту және дамыту**

***3-Стратегиялық бағыт:*** *Кадрлық саясатты жүзеге асыру және кадрларды басқару жүйесін жетілдіру*

***3.1-мақсат:*** *Білікті кадрлармен қамтамасыз ету*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлігі | Ақпарат көзі | Жауаптылар | 2020ж жоспар | 2020ж фактісі | Жетістік мәртебесі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикатор** | | | | | | |
| 1 | Ұйым қаржысы есебінен біліктілік арттыру, қайта даярлаудан өткен қызметкерлер үлесі | % | Статистикалық деректер | ПБҚ | 100 | 100 | Жетті |
| 2 | Дәрігерлер және медициналық қызметкерледің санаттылық деңгейі | % | Статистикалық деректер | ПБҚ | 58 | 67 | Жетті |
| 3 | Өндірістік персоналдың қанағаттану деңгейі | % | Статистикалық деректер | ПБҚ | 85 | 87 | Жетті |
| 4 | Кадрлармен жасақталу: жалпы (қызметкерлердің барлық санаты бойынша) | % | Статистикалық деректер | ПБҚ | 95 | 98 | Жетті |
| 5 | Өндірістік персоналдардың тұрақсыздығы | % | Статистикалық деректер | ПБҚ | 10 | 12 | Жетті |
| 6 | Маманның 1 мөлшеріне орташа жалақының экономикадағы орташа жалақыға арақатынасы | % | Жоспар | Қаржы бөлімі | 1,43 | 1,45 | Жетті |
| 7 | Қоса атқару коэффициенті | % | Статистикалық деректер | ПБҚ | 1,3 | 1 | Жетті |
| 8 | Ағылшын тілінің Intermediate деңгейін меңгерген клиникалық мамандардың үлесі | % | Есеп | ПБҚ | 5 | 0 | Жетті |

***4-Стратегиялық бағыт:*** *Ішкі процестерді қамтамасыз ету*

***4.1-мақсат:** Қызмет тиімділігін арттыру*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлігі | Ақпарат көзі | Жауаптылар | 2020ж жоспар | 2020ж фактісі | Жетістік мәртебесі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикатор** | | | | | | |
| 1 | Қоғамдастық қатарынан байқау кеңесіндегі тәуелсіз мүшелердің үлесі | % | Бұйрық УЗКО | ПБҚ | 30-дан кем емес | 40 | Жетті |
| 2 | Үлгілік корпоративтік құжаттар пакетінің болуы (4) | иә/жоқ | - | ПБҚ | иә | иә | Жетті |

***4.2-мақсат:** Облыстың медициналық ұйымдардың қан және қан компоненттерімен қамтамасыз ету*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өлшем бірлігі | Ақпарат көзі | Жауаптылар | 2020ж жоспар | 2020ж фактісі | Жетістік мәртебесі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | **Мақсатты индикатор** | | | | | | |
| 1 | Өтеусіз донациялар үлесі | % | Донор картасы ААЖ «Info DONOR» | ДЖБ | 99 | 99,3 | Жетті |
| 2 | Барлық дайындалған консервіленген қаннан жарамсыз қан үлесі | % | Есеп ААЖ «Info DONOR» | ҚККІж/еУС блогы бар ӨББ | 7%-дан артық емес | 2,2% | Жетті |
| 3 | Мерзімі аяқталғаннан кейін есептен шығарылған қан нысаналы элементтерінің үлесі | % | Есеп | ҚККІж/еУС блогы бар ӨББ | 10%-дан артық емес | 0% | Жетті |
| 4 | ЖМП карантиндеу деңгейі | % | ААЖ «Info DONOR» | ДЖБ ҚККІж/еУС | 67,7 | 50,0% (карантиндеу.) 33,0 | Жетпейді |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Есеп | блогы бар ӨББ | | (вируинактив.)<br>83,0 (жалпы) | |

*__4.3-мақсат:__ Қан компоненттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өл шем бірлігі | Ақпарат көзі | Жауаптылар | 2019ж жоспар | 2019ж фактісі | Жетістік мәртебесі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | Мақсатты индикатор | | | | | | |
| 1 | Донорларды зертханалық зерттеу деңгейі (Нв, қан тобы, резус фактор, АЛаТ, жалпы ақуыз, ақуыз фракциялары, жалпы қан талдауы, бруцеллез) | % | Бұйрық | ҚТБ | 100 | 100 | Жетті |
| 2 | Донорлық қан үлгілерін иммуногематологиялық зерттеу жүргізу деңгейі - скрининг а/э антидене | % | Бұйрық | ҚТБ | 100 | 100 | Жетті |
| 3 | Жабық үлгідегі автоматты талдағыштарда донорлық қан үлгілерін трансфузиялық инфекцияларға: ИХЛТ, ПТР әдісімен тестілеуді өткізу деңгейі | % | Бұйрық | ИДЗ | 100 | 100 | Жетті |

*__4.4-мақсат:__ Шығарылатын қан компоненттерінің сапасы мен медициналық қызметтерді басқару жүйесін жетілдіру*

| № | Мақсатты индикатордың атауы | Өл шем бірлігі | Ақпарат көзі | Жауаптылар | 2020ж жоспар | 2020ж фактісі | Жетістік мәртебесі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | Мақсатты индикатор | | | | | | |
| 1 | Қан өнімдерінің сапасына бақылау | % | Есеп | СББ | 100 | 100 | Жетті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізу деңгейі | | | | | | |
| 2 | Медициналық жабдықтарға және ақпараттық жүйелерге техникалық қызмет көрсету деңгейі | % | Есеп | СББ | 100 | 100 | Жетті |